

2025 жылғы 8 тамызда Алма-ты облысының Жамбыл ауданына қарасты Үлкен ауылында Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясының (АЭС) құрылысы ресми түрде басталды. Салтанатты шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, «Росатом» мемлекеттік корпорациясы, Мәскеу инженерлік-физика институтының (МИФИ) Қазақстандағы филиалының студенттері, сондай-ақ жергілікті тұрғындар қатысты.

Іс-шара барысында арнайы ескерткіш капсула салу рәсімі өтіп, символдық түрде құрылыс жұмыстарының басталғанын білдіретін түйме басылды. Сонымен қатар алғашқы бұрғылау жұмыстары қолға алынды. Бұл кезең шамамен 18 айға созылып, 30-дан 120 метрге дейінгі тереңдікте кемінде 50 ұңғыма бұрғыланады. Жұмыс нәтижесінде ең қолайлы учаске таңдалып, негізгі құрылыс басталады.

Жобаның жалпы құны шамамен 14-15 миллиард АҚШ доллары көлемінде. Инвестициядан бөлек, әлеуметтік нысандарды дамытуға қосымша 1 миллиард доллар бөлу жоспарланған. Қазақстан АЭС құрылысы арқылы электр энергиясының тапшылығын азайтып, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету көзделген.

АЭС салу туралы шешім 2024 жылғы 6 қазанда өткен республикалық референдумда қабылданды. Дауыс берген азаматтардың 71%-дан астамы бұл бастаманы қолдады. Жобаны жүзеге асырушы негізгі мердігер – Ресейдің «Росатом» корпорациясы. Құрылыс аяқталған соң станцияның іске қосылуы 2035 жылға жоспарланып отыр.

«Үлкен ауылында инженерлік іздері туралы басталуы – Қазақстанның заманауи тарихындағы алғашқы ірі қуатты атом электр станциясына бастайтын жолдың алғашқы қадамы. Бұл кезеңде біз алаңның болашақ атом станциясы үшін толықтай қолайлы екеніне сенімді болу мақсатында мұқият зерттеуге баса назар аударамыз. «Росатом» Қазақстанның дамуы үшін стратегиялық маңызы зор осы жобаны жүзеге асыруға бар тәжірибесін қолдануға дайын», – деді «Росатом» мемлекеттік корпорациясының бас директоры Алексей Лихачёв.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

 БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ АБАЙ ДЕП ӘН САЛЫП ТҰР



Абай облысында ұлы ақынның туғанына 180 жыл толуына орай ұйымдастырылған 10 күндік өз мәресіне жетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шараға қатысушыларға өз құттықтауын жолдады.

 ҰБТ

140 ұпай жинаған жалғыз түлекке пәтер берілді

Қазақстанда 2025 жылғы ҰБТ мен грант бөлу қорытындылары жарияланды. Биылғы көрсеткіш ел тарихындағы ең жоғары игеру деңгейімен ерекшеленді. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек айтқан деректерге сәйкес, 2025 жылы мектепті барлығы 216 мың түлек аяқтаған. Бакалавриат деңгейіне 77 мыңнан астам грант бөлініп, оларға қатысу үшін 112 873 өтініш қабылданған. Магистратура мен докторантураны қоса есептегенде, биылғы жалпы грант саны 93 мыңнан асты.

Конкурс нәтижесінде мемлекеттік білім беру тапсырысының 99%-ы игеріліп, бұл ел үшін тарихи максимумға айналды. Министрдің айтуынша, биылғы жыл «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп жарияланғандықтан, инженерлік-техникалық бағыттарға ерекше басымдық берілді. Бұл салаға бөлінген квота жалпы гранттардың 60%-дан астамын құрады. Абитуриенттер таңдауы бойынша алдыңғы қатарда педагогикалық, инженерлік және IT мамандықтары тұр.

Өңірлік квоталар жүйесі алғаш рет енгізіліп отыр. Бұл тәсіл аймақтарға нақты қажетті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Мысалы, ветеринария, энергетика, техникалық мамандықтар және агрономия бағыттарына айтарлықтай гранттар бөлінді. Сондай-ақ биыл сирек кездесетін, бірақ стратегиялық маңызы жоғары мамандықтарға да ерекше назар аударылды. Солардың бірі – су шаруашылығы саласы. Бұл бағытты дамыту үшін өткен жылы Тараз қаласында Жамбыл гидромелиорация институтының базасында Су шаруашылығы және ирригация ұлттық университеті қайта ашылып, биылдан бастап арнайы квота бойынша студент қабылдауды бастады. Министр Саясат Нұрбектің айтуынша, мұндағы мақсат – гидрогеология, гидротехникалық құрылыстар, су ресурстарын басқару және ирригация салаларына білікті кадр дайындау ісін жандандыру.

Шетелдік жоғары оқу орындарының Қазақстандағы филиалдары да назардан тыс қалмады. Оларға жеке квота бөлініп, шамамен 2 365 грант үлестірілді. Бұл қатарда Ақтөбедегі Heriot-Watt University, Петропавлдағы University of Arizona, Қостанайдағы University of Minnesota, Алматыдағы Queen's University Belfast, Түркістандағы корейлік WUSAN University және Астанада кампусын ашқалы отырған Cardiff University бар.

2025 жылы «Серпін» бағдарламасының да жаңа нәтижелері белгілі болды. Министрдің мәліметінше, бағдарламаның логикасы толықтай қайта қаралып, критерийлері өзгертілген. Егер 3-4 жыл бұрын гранттардың игерілу деңгейі 40-50%-дан аспаса, өткен жылы бұл көрсеткіш 67%-ға жеткен. Ал биыл рекорд орнап, игеру деңгейі 83%-ды құрады. Биыл «Серпін» аясында 2 412 грант бөлінді.

Арнайы әлеуметтік санаттарға қолдау да күшейтілді. Мерзімді әскери қызметін өтеген азаматтарға алғаш рет жоғары білім алуға 2 мың грант берілді. Сонымен бірге өткен жылдан бастап қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан күш құрылымдары қызметкерлерінің балаларына жаңа жеңілдікті санат енгізілген. Биыл жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған гранттар толық көлемде игерілді.

(Жалғасы 5-бетте)

2-бет



Саяси партиялар қаржылық есебін жариялауға неге құлықсыз?

4-бет



XXI ғасырдың басты капиталы – ақпарат пен цифрлық технология

8-бет



Диктатордың сәтсіз «ИДЕТІ»

САРАП

Саяси партиялар қаржылық есебін жариялауға неге құлықсыз?

Биыл Қазақстанның өз алдына тәуелсіз ел болғанына 34 жыл, ал республикадағы «Саяси партиялар туралы» заңның қабылданғанына 23 жыл толып отыр. Осынша уақыт өтсе де Қазақстанда партиялық жүйе әлі толық қалыптаса алмай келе жатыр. Мәселен заңның 18-бабында «Саяси партияның жылдық қаржылық есебі жыл сайын республикалық баспасөз басылымдарында жарияланады» деп жазылған. Алайда өкінішке қарай, осы уақытқа дейін Әділет министрлігінде ресми түрде тіркеуде тұрған 7 саяси партияның ешқайсысы тұрақты түрде өзінің қаржылық есебін жариялап жүрген жоқ.

Тіпті бұл туралы мәліметті олардың ресми сайттарынан табудың өзі оңай емес. 2025 жылдың екінші жартыжылдығы басталғанына қарамастан тек «Ақ жол» партиясының сайтынан ғана 2024 жылғы қаржылық қызметі туралы есепті көрдік. Онда да 2024 жылдан бері бюджеттен бөлінген қаржыға қатысты бір ауыз сөз жоқ. Ал Қазақстан Халық партиясы; «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы; «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия»; «Байтақ» партиясы; «Respublica» партиясының сайттарынан мұндай есеп тіпті жоқ. Бұған қарап олар қаржылық есебін сырт көзден құпия ұстағанды дұрыс көретін сияқты деуге болады.

Бұл туралы «Байтақ» партиясының төрағасы Азаматхан Әміртай: «Біз бұған дейін өз партиямыздың 2023 жылғы қаржылық есебін жарияладық. Ал 2024 жылдың қаржылық есебі енді ғана жарияланатын болады. Жалпы саяси партиялардың қаржылық есебіне қатысты мәселені дұрыс қозғап отырсыздар. Өздеріңіз білесіздер, біз 2023 жылғы Парламент сайлауында қажетті дауыс жинай алмағандықтар, заң шығарушы

органға кіре алмадық. Сол себепті саяси партияларды қаржыландыруға бюджеттен бөлінген қаржыдан 1 тиын да алмаймыз. Қозғалыстан партияға дейінгі жолды толық басып өткенімізге қарамастан алдағы Мәжіліс сайлауына дейін оның қызметін өзін қаржыландыруға мәжбүр болып отырмын. Жалпы халықтың салығынан жиналған қаржыға ортақтасып отырғандықтан, мемлекеттік бюджеттен ақша алатын барлық саяси партия оның әрбір тиынына дейін есеп беруі тиіс. Әрине, сырт көзге барлық саяси партиялар өз шама-шарқыныша жұмыс жасап жатқандай көрінеді. Алайда олардың қызметінің тиімділігі туралы әзірге ешкім, ешнәрсе айта алмайды. Өйткені оның қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты ақпарат елдегі әрбір сайлаушы үшін қолжетімді болмай тұр. Оны ашық мойындау керек», – деді.

Осы арада ерекше атап өтетін тағы бір өзекті мәселе бар. Бұл саяси партиялардың ресми сайтындағы «қаржылық есеп» деген арнайы бөлімнің болуына қатысты туындап отыр. Өкінішке қарай қазір оны тек «Amanat» партиясының сайтынан



ғана көруге болады. Алайда мұнда да партияның тек 2013-2020 жылдардағы қаржылық есептері жинақталған. Оның өзі бұрынғы «Nur Otan» партиясы Саяси кеңес Бюросының қаулысымен бекітілген «Nur Otan» партиясы қоғамдық бірлестігінің кірістер мен шығыстар туралы есебі. Ал 2023 жылғы Парламент сайлауының қорытындысы бойынша бюджеттен саяси партияларды қаржыландыруға 2024 жылы бөлінген 15,2 млрд теңгенің қомақты бөлігіне ие болғанына қарамастан, оның қаржылық есебі туралы мұнда бір ауыз сөз жоқ.

«Бұл елдегі саяси мәдениеттің, қоғамдағы азаматтық белсенділіктің әлі тиісті деңгейде қалыптаса алмай келе жатқанының нақты көрінісі. Егер «Саяси партиялар туралы» заң дұрыс жұмыс істеп тұрса, халық олардан ашықтықты талап ететін еді. Өкінішке қарай азаматтарымыздың саяси партиялардан соңғы 10-15

жылда әбден көңілі қалған. Өйткені олардың ішінде халықтың өз арасынан, белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесімен көтерілгені жоқ. Бәрі Президент Аппаратының тапсырмасымен құрылып, жұмыс жасайтын жасанды партиялар. Сондықтан олардың арасында ешқандай бәсекелестік жоқ. Сол себепті олар таптаурын болған ескі соқпақтан шығып, өздеріне жаңа жол салуға ұмтылмайды. Бәрінің ойлайтыны Мәжіліске өтіп, депутат атану. Ал партиялық қызмет пен қоғам алдындағы жауапкершілікті ешқайсысы сезіне алмауда. Егер жауаптылық болса, олар сайлаушылармен қызу жұмыс жасап, алдағы сайлауға дайындықты ойлайтын еді. Өкінішке қарай әлі күнге дейін жергілікті деңгейде жүріп жатқан ауыл, аудан әкімдерінің сайлауына да белсенді түрде қатыса алмай, қолдағы мүмкіндікті тиімді пайдалануға тырыспауда», – дейді саяси ғылымдар докторы Сайын Борбасов.

Естеріңізде болса бюджет бағдарламасының жобасы қаралған кезде саяси партияларды қаржыландыру мақсатында республикалық бюджеттен 81,2 млрд теңгеден астам қаражат бөлу сұралды. Онда 2024 жылы – 15 227 883; 2025 жылы – 15 227 883; 2026 жылы – 16 100 949; 2027 жылы – 16 904 444; 2028 жылы – 17 750 636 теңге бөлу жоспарланған. Ал жыл басында Орталық сайлау комиссиясы партияның жұмысына бөлінген қаражат сайлаушының әрбір дауысы үшін 0,65 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) есептелетінін жариялады. Бұған дейін саяси партияларды қаржыландыру әрбір дауыс үшін ең төменгі жалақының 3%-нан есептелетін. Сол себепті енді жаңа есеп бойынша АЕК-ті 2025 жылы 3 932 теңге деп есептеп, партияларға әр сайлаушы үшін бюджеттен бөлінетін қаржының көлемін 2 555,8 теңгеден бөлмек. 2023 жылғы сайлау қорытындысы Парламентке өткен 6 партияның ішінен биыл мемлекеттік бюджеттен 3 431 510 дауыс жинаған «Amanat» – 8,7 млрд теңге; 693 938 дауыс жинаған «Ауыл» – 1,7 млрд теңге; 547 154 дауыс жинаған «Respublica» – 1,3 млрд теңге; 535 139 дауыс жинаған «Ақ жол» – 1,1 млрд теңге, 432 920 дауыс жинаған Қазақстан халық партиясы – 1,1 млрд теңге; 331 058 дауыс жинаған «ЖСДП» – 846 млн теңге қаржы алатын болды. Егер 2009 жылы 6 ақпандағы №122-IV және 2024 жылғы 5 шілдедегі №115-VIII заңдар бойынша толықтырылған 18-1-бапқа қарайтын болсақ, оның жұмсалуды бақылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӘСІПОДАҚ

Жазғы мектеп ұжымның білімі мен бірлігін нығайтады

Кәсіподақ жұмысы көп жағдайда кәсіподақ ұйымы төрағасы мен оның белсенді ұйытқысының кәсіптік деңгейіне, оларды даярлау сапасына байланысты. Сондықтан, кәсіподақ ұйымдары қызметінің тиімділігін және оның одан әрі даму бағдарын арттыру үшін кәсіподақ ұйымдарының төрағаларын, резервін, кәсіподақ комитеті мен тұрақты комиссия мүшелерін оқыту, дамыту қажет. Бұл тетікті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы бұрыннан қолданып келеді.

Ыстық көлдегі спорт-сауықтыру лагерінде кәсіподақ бөлімшелерінің жетекшілері мен кәсіподақ комитетінің мүшелері тәжірибе алмасып, тіл табыса білуге және өзін-өзі ұстауға, жобалық құзыреттілікті игеруге, жаңа жағдайларға бейімделуге бағытталған

тылығының маңыздылығын әрдайым атап көрсетіп отырады. Кәсіподақ жетекшісі жұмысының ерекшелігі кәсіподақ мүшелерін оқытумен, дамытумен, тәрбиелеумен, басшылық жасаумен және құқықтарының сақталуына бақылау жасаумен байланысты. Оның



арнайы психологиялық тренингтер өткізді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіподақ – еңбек адамының құқығын қорғау, оның лайықты өмірі мен жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі прогрессивтік миссияны орындайтын аса маңызды қоғамдық институттың бірі екенін атап өтті. Әділ әлеуметтік мемлекетті құру ісінде кәсіподақ қызметінің нысандары мен әдістерін ұдайы жетілдіру, бүкіл әлемде болып жатқан өзгерісті ескере отырып, іс-әрекеттің икемді стратегиясын әзірлеу талап етіледі. Университет ұжымы Мемлекет басшысы қойған осы міндеттерді шешумен үздіксіз айналысуда.

«Парасат» кәсіподағының төрағасы Т.Мекебаев кәсіподақ жұмысын одан әрі жетілдірудің, жұмыскерлер мүддесі мен құқығын жан-жақты қорғау ісінде дағдылар мен құзыреттіліктерді арттырудың, кәсіподақ мүшелерінің жоғары құқықтық сауат-

жұмысының негізгі мазмұны – әлеуметтік әріптестік арқылы кәсіподақ мүшелерінің әл-ауқатын жақсарту.

Өндірістік бірлестік департаменті кәсіподақ бюросының жетекшісі Индира Айтжанова еңбек ұжымындағы негізгі ережелерді қолдану тәжірибесінің нақты мысалдарына тоқталды. Дене шынықтыру және спорт кафедрасы кәсіподақ бюросының жетекшісі Мақпал Оспанбаева келісімдер мен еңбек шартын жасау кезінде тек кәсіподақ қана еңбек ұжымының мүддесін шынайы қорғай алатынын атап көрсетті. Кәсіподақ мүшесі емес адам еңбек жағдайлары мен оның жалақысын, демалыс, тұрғын үй, материалдық көмек, жолдама, еңбек тәртіптемесі мен тәртібі мәселелерін реттеуге қатыса алмайды.

Кәсіподақтың Жазғы мектебіндегі сабақтар барысында ҚазҰУ кәсіподақ жетекшілері 17 тұрақты даму мақсатының саналуан компоненттерін талқылады. Әрбір мақсаттың өзімен

байланысты міндеттер мен көрсеткіштерге сәйкес келуіне ерекше назар аударылды. Белсенділер университеттің кәсіподақ ұйымы жұмыс істеуге тиіс негізгі бағыттарды сарапқа салды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» дербес кәсіподағы қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек, құқықтық және экономикалық қорғалуын, демалысын, емделуін, ойын-сауығын ұйымдастыруды одан әрі жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жүргізуде.

Ғылым мен инновациялық қызмет жөніндегі департамент кәсіподағының жетекшісі Эльвира Үмбетжанова кәсіподақтың Жазғы мектебін өткізуде шығармашылық қабілеттерді нығайтуға бағытталған мәдени бағдарламаларды ұйымдастыру, қатысушыларды мәдени мұрамен таныстыру және олардың демалысын ұйымдастыру үлкен рөл атқарады деп санайды.

Кәсіподақ жетекшілері теплоходпен Ыстық көлде серуендеді, өзіне әлем халықтарының тарихы мен әртүрлі мәдениетінің рухани мұрасын біріктірген Шыңғыс Айтматов атындағы «Рух Ордо» мәдени орталығына барып қайтты, «Айтума», «Хуснихат» өлең жинақтарының авторы, Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, ақын Әлқожа Бауыржанмен шығармашылық кездесу өткізді.

ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев ЖОО әкімшілігінің басты мақсаты – білім алушылар мен оқытушылар үшін барынша қолайлы жағдай жасау екендігін бірнеше рет атап өтті. Бұл тікелей 8-мақсатпен тікелей байланысты. Осы мақсатқа қол жеткізген жағдайда кәсіподақтың рөлі арта түседі.

Ардагерлер кеңесі кәсіподағының жетекшісі Клара Баймішева кәсіподақ Жазғы мектебіндегі сабақтардың ұйымшылдық рухты нығайтатындығын атап өтті.

Ольга Ложникова,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қызметкерлерінің
«Парасат» кәсіподағы
төрағасының орынбасары
Серікқали Тыныбеков,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің профессоры

КӨЗҚАРАС

Сот ісін жүргізудің жариялылығы – азаматтардың әділ сотқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз етіп, халықтың сотқа деген сенімін арттырудың, соттың объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Бұл қағидат Конституцияда және Қылмыстық-процестік кодексте нақты бекітілген.

Жариялық – сенімді арттыру мүмкіндігі

Кодекстің 29-бабына сәйкес, қылмыстық істерді талқылау барлық соттарда және сот сатыларында ашық жүргізілуі қарастырылған / жабық сотта қаралатын істерді қоспағанда/. Сот ісін жүргізудің жариялылығы тек ашық сот талқылауын жүргізуді ғана емес, сонымен қатар оған тараптардың, сондай-ақ қылмыстық іске қатысы жоқ өзге де адамдардың қатысу мүмкіндігін, процеске қатысушылардың істің барлық материалдарымен танысуын, сот шешімінің көпшілікке жария етілуін, заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларының бірыңғай деректер базасын құруды және олармен, сот актілерінің орындалуы жөніндегі ақпаратпен еркін танысуды қамтиды.

Сонымен қатар, аталған қағидатты сақтау, сот ісінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, республика бойынша сот процестерін жария жүргізу, яғни сот отырыстарын онлайн трансляциялау тәжірибесі енгізіліп жатыр. Бұл жаңашылдық сот органдары тарапынан үлкен жұмысты талап ететінін ескере қажет. Аталған тәжірибені іске асыру аясында БАҚ өкілдерінің тікелей сот отырыстарына қатысуына барынша мүмкіндік және жағдай жасалуда. Бұл тәжірибе сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етумен қатар, халықтың құқықтық сауаттылығын арттырады.

Сот ісін жүргізудің жариялылығы – сот жүйесі ашықтығының кепілі. Сондықтан бұл қағидатты одан әрі жетілдіру – демократиялық қоғамның қалыптасуына жол ашады.

Г.Искакова,
Жезқазған қалалық сотының судьясы

ПӘРМЕН

Есірткі тасушы бостандығынан айырылды

Бурабай аудандық сотында Щучинск қаласының 21 жастағы тұрғыны К.-ға қатысты адамдар тобымен психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз сатып алды, сақтады және тасымалдады деген айыппен қылмыстық іс қаралды.

Сотта анықталғандай, 2025 жылдың сәуірінде К. әлеуметтік желіде хабарландыру бойынша «есірткіні орналастыруды» жүзеге асыру, яғни психотроптық заттарды өткізу бойынша күрьер болуға келіседі. Кейін, К. психотроптық заттарды өткізу мақсатында, аса ірі мөлшерде сатып алып, тасымалдады және өзімен бірге сақтады. «Амир» есімді аккаунтты пайдаланушымен келісе отырып, К. орамдарды орналастыру бойынша нұсқаулық алған. Оны полиция қызметкерлері ұстаған кезде, К. өз еркімен психотроптық заттарды берген, сондай-ақ өзі көрсеткен жерлерде орамдар алынды.

К. кінәсін мойындап, өкінді, үйлену тойына ақша табу үшін осындай жұмысқа келіскенін айтты. К.-ның кінәсі психотроптық заттары бар 88 орам, 19 пакеті бар түйін, «Амирмен» хат-хабар негізінде дәлелденді.

Жаза тағайындауда сот кінәні мойындау, істеген ісіне өкіну, жас болуын, соттылықты жоқтығын жеңілдететін мән-жайлар деп ескерді. Ал мына жағдайда сот үкімімен К. 7 жылға бас бостандығынан айырылды.

Сот актісі заңды күшіне енген жоқ.
Ақмола облысы
Бурабай аудандық соты

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қазақ даласы АБАЙ деп ән салып тұр



(Соңы. Басы 1-бетте)

Абай облысында ұлы ақынның туғанына 180 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Абай тойының 10 күндігі» өз мәресіне жетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шараға қатысушыларға өз құттықтауын жолдады.

– Абай – төл мәдениетімізді дамытуға өлшеусіз үлес қосқан әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға, халқымыздың сана-сезімін жаңғыртқан ұлы ақын. Ол жаңа әдебиетіміздің негізін қалап, дүниетанымымыздың көкжиегін кеңейтті. Өскелең ұрпақты білімпаз, еңбекқор, адал азамат болуға шақырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын қасиеттерді кеңінен дәріптеді. Отанға деген сүйіспеншіліктің және ел мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісін көрсетті. Хәкім Абайдың мол мұрасы – қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың өнеге алатын асыл қазынасы. Оның ой-толғамдары мен өсиеттерінің өзектілігі ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану және та-

пен ақиқаттың қайнар көзімен ұштасады. Оның өшпес мұрасы еліміздің әрбір азаматын білім мен парасатқа, адамгершілік пен қоғамдық жауапкершілікке бағыттайтын мәңгілік қағида. Абай біздің аржданымыздың үні, санамыздың темірқазығы. «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық музей-қорығы Абайдың қалдырған өсиеті мен өнегесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші асыл мұра болып отыр. Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің арқасында музейге келген әрбір адам Абайдың рухани мұрасымен таныса отырып, ұлттық сана мен адами қасиет туралы ой түйіп, мол рухани азық алары сөзсіз» деген Бас Прокурор Берік Асылловтың құттықтау хатын музей ұжымына Аппарат басшысы А.Мұхаметжанов табыстады.

Халықаралық поэзия фестивалі

Семейдегі Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханада «Адамзаттың бәрін сүй,



ныту, шығармашылығын терең зерделеу өте маңызды, – дейді онда ҚР Президенті.

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев оқып берген бұл құттықтауда, сондай-ақ, мемлекеттің енді ұлттың ұлы перзенттерін дүниеге әкелген аймақты ұлттық құндылықтар мекені ретінде өркендетуге баса мән беретіні де айтылды.

Той тойлайтын емес, ой ойлайтын басқосу жасауға тырыстық

Облыс әкімі Берік Уәлидің айтуынша, Абайдың 180 жылдығы елімізде биыл алғаш рет онкүндік ретінде аталып өтті. Оған Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған жаңажылдық құттықтауында «Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойын лайықты атап өтуіміз керек» деп берген тапсырмасы түрткі болды.

«Абай тойы ең алдымен той тойлайтын емес, ой ойлайтын басқосу болмағы ләзім екенін барша жұрт айтады. Мерейтой тек сахналық мереке ғана емес, ұлтқа пайдалы мұра қалдыратын нақты жобалар кезеңі де болуы тиіс. Бұл тойдың бедерінде елге игілікті біраз шаруа атқарылды. Той тарап, әбігер басылған соң да ел игілігіне қызмет ете беретін дүниелер жасауды мұрат еттік», – дейді аймақ басшысы. Оның сөзіне қарағанда, облыста мерейтойға орай Президенттің қолдауымен «Абайға құрмет» акциясы басталып, еліміздің әр өңірі бір нысаннан салып бермек. Атап айтқанда, Астана қаласы келешек мектебін, Шымкент қаласы шығармашылық орталық, Маңғыстау облысы Достық үйін, Түркістан облысы көрме орталығын, Ақтөбе облысы жекпе-жек орталығын, Павлодар облысы үстел теннисі орталығын, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс жағалауын абаттандыруды жоспарлап отыр.

Тарту

ҚР Бас Прокуратурасы мерейтойға орай арнайы тапсырыспен жасатқан Абай Құнанбайұлының мүсінін Семейдегі Абай музейіне сыйлады. «Абай есімі халқымыздың рухани байлығы мен әділдік

бауырым деп...» атты халықаралық поэзия фестивалі өтті. Ақынның өлеңдерін әлемнің 15 тіліне аудару арқылы оның рухани мұрасын жаһандық деңгейде кеңінен таныту мақсатында өткен бұл шара «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының және Михай Эминеску атындағы халықаралық поэзия академиясының қолдауымен ұйымдастырылды. Оған Түркі әлемі жазушылар одағы мен АҚШ, Италия, Конго, Мексика, Швеция мемлекеттерінің ақын-жазушыларымен қатар Ұлықбек Есдәулет, Светқали Нұржан, Серік Ақсұңқарұлы, Ғалым Жайлыбай, Ханбибі Есенқарақызы, Ақұштап Бақтыгереева, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы сынды отандық әдебиеттің көрнекті өкілдері қатысты. Фестиваль аясында қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» атты дүниежүзілік поэзия антологиясының, Сауытбек Абдрахмановтың «Алып Абай» кітабының, Ион Дяконескудің «Ол құс – Мен» романы (қазақ тілінде), Ұлықбек Есдәулеттің «Ақыннан сағат сұрама» атты румын тіліндегі кітабының тұсаукесері өткізілді.

«Руханият. Парасат. Таным»

Семейдегі Шәкәрім университетінде «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған Түркия, Нидерланды, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан секілді алыс-жақын шетелдерден және еліміздің әр өңірінен абайтанушылар мен әдебиеттанушылар, философтар мен тарихшылар қатысуда. Онда Түркиядағы Памуккале университетінің профессоры Нергиз Бираз, Нидерландыдан келген түркітанушы Роберт Эрмерс, филология ғылымдарының докторлары Тұрсын Жұртбай, Арап Еспенбетов және басқа да ғалымдар баяндама жасады. Сондай-ақ конференция аясында 9 кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Олар: Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов құрастырған «Абай шығармаларының үш томдық академиялық жинағы»; мәдениеттанушы Базарбек Атығайдың «Абайдың аударма мектебі» монографиясы, Шәкәрім

туралы естеліктер мен жаңа деректерді қамтитын «Шейіт» жинағы; Ақберен Елгезек, Мерей Қарт, Жанна Әділбекқызы құрастырған Ахат Шәкәрімұлының «Жалынға малған жүрегі» жинағы; Әсет Медеуханұлының «Халиолла» хикаяты; Даниял Ысқақовтың шығармалары; Шәкәрім университетіндегі «Абай және ұлттық руханият» ғылыми орталығының мамандары дайындаған «Қарасөз» кітабы.

Қарауылтөбеде «Абай елі» стелласы ашылды

Абай ауданына келген қонақтар енді Қарауылтөбедегі «Абай елі» стелласын тамашалайтын болды. Аудан кәсіпкерлерінің демеушілігімен жасалған ескерткіштің авторы – мүсінші Нұрбол Қалиев. Ол төрт тұғырлы. Бірінші тұғыры: қауырсын қалам немесе «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы»; екінші тұғыры: қалқан – кешегі ел қорғаған батырлар мен бүгінгі ерлеріміздің ерлік айбары; үшінші тұғыры: домбыра – Абайдың жаны мен әнінің өзегі; төртінші тұғыры: ұлыларды тудырған ақбесік деп аталады. Ескерткіштің ең басы, шарықтау шегі – ғаламшар мен оны айнала қалықтаған тыныштық пен тұрақтылықтың символы – қарлығаш құс болып отыр.

Ақындар айтысын өткізу дәстүрге айналмақ

Семейдегі Абай атындағы театрда өткен «Адамзаттың Абайы» республикалық ақындар айтысында еліміздің әр өңірінен келген 12 айтыскер бақ сынады. Олардың қатарында Айбек Қалиев, Мақсат Ақанов, Мұхтар Ниязов, Рүстем Қайыртаулы, Жансая Мусина, Аспанбек Шұғатаев, Мейірбек Сұлтанхан сынды 6 «Алтын домбыра» иегері, сондай-ақ Әсем Ережеқызы, Шұғайып Сезімхан, «Асыл домбыра» иегері Айбек Жеңісқазин, Серік Қуанған, Қуандық Кенжебекұлы, Өміржан Көлбо-

сынов болды. Онда бас жүлдеге тігілген автокөлікті қарағандылық Мақсат Ақанов жеңіп алды. Рүстем Қайыртаулы бірінші, Айбек Қалиев пен Мейірбек Сұлтанхан екінші, Әсем Ережеқызы мен Жансая Мусина үшінші орын алды. Ал Қуандық Кенжебекұлы Сиязбек Сүлейменов әулетінің арнайы жүлдесіне (200 мың теңге), Мұхтар Ниязов облыс әкімінің арнайы жүлдесіне (500 мың теңге) ие болып қайтты.

– Гуманист ақын Абайдың мерейтойына арналған «Адамзаттың Абайы» республикалық ақындар айтысы өте жоғары деңгейде өтті деп есептейміз. Ақынның мұрасын насихаттауға арналған айтыс Семейдің төрінде өтуі керек. Келесі жылдан бастап ұйымдастырып тұрамыз. Республикалық айтыстың күнтізбелік тізіміне енгізуді сұраймыз», – деді облыс әкімі Берік Уәли марапаттау рәсімі кезінде.

Шара шын мәнінде жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қарауылтөбе аумағында қаз-қатар тігілген 184 киіз үй ұлттық нақыштағы үлкен ауылдың бейнесін қалыптастырды. Орталық алаңда 400 орындық сахна орнатылып, мерекелік шараларды тамашалауға жағдай жасалды. Жидебайдағы музей-қорық заманауи байланыс желісімен қамтамасыз етіліп, өңірдің басты мәдени орындары жаңаша түрлендірілді. Сондай-ақ «Абай елі» деп жазылған сәулетті белгі орнатылып, жолдар жөнделіп, инфрақұрылым жаңартылды.

Қарауылтөбеде «Жеті қазына» республикалық фестивалі, «Ой толғау – Хәкім Абай» монооперасы, жас ақындар мүшәрасы көрерменге ұсынылды. Сонымен бірге халықаралық ғылыми конференциялар, кітап көрмелері, ақындар фестивалі және «Абайға тарту» атты гала-концерт өтті.

Шара еліміздің әр өңірінде жалғасын тапты. Алматы қаласында мерейтой ерекше форматта өтті. Абай даңғылы бойында «Таза Қазақстан» акциясы қолға алынып, сенбілік барысында ұзындығы 15 шақырым абаттандырылды. Бұл шаралар хакімнің табиғатқа құрметпен қарау жайлы ойларын насихаттауға арналды.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ,
Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**



КӨКЖИЕК

XXI ғасырдың басты капиталы – ақпарат пен цифрлық технология

Ақпараттық дәуірде жаңа сандық технологиялар адамзат өміріне көз ілеспес жылдамдықпен дендеп еніп келеді. Өйткені, XXI ғасырдың басты капиталы – ақпарат пен цифрлық технология екені даусыз. Қазіргі таңда кез келген мемлекеттің экономикалық қуаты мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігі де дәл осы инновациялық даму қарқынымен, цифрлық экокүйесінің қуаттылығымен өлшенеді десек қателеспейміз. Сондықтан Қазақстан үшін цифрландыру тек техникалық және технологиялық жаңғыру ғана емес, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен экономикалық дербестігінің де кепілі болып отыр.

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен ІТ-инфрақұрылымдарды дамыту, жасанды интеллект жүйесін еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету мақсатында барлық салаға барынша енгізу, инновациялық орталықтар мен технопарктерді құру, стартаптарға қолдау көрсету бағытында кешенді шаралар жүзеге асуда. Бұл саясаттың басты мақсаты – қазақстандық азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, мемлекеттік қызметтерді қолжетімді ету, бизнестің тиімділігін көтеру және әлемдік технологиялық көштен қалмауға негізделгенін атап өткен жөн.

Осы стратегиялық мақсаттардың бір көрінісі ретінде биыл қыркүйекте Шымкент қаласында Орталық Азия елдерінің – Global Tech Wave Central Asia (GTW CA) тұңғыш жаһандық цифрлық конференциясы ұйымдастырылмақ. Бұл ауқымды іс-шара Шымкент қана емес, жалпы тұтас еліміздің цифрлық тарихындағы аса маңызды белеске айналмақ.

ЖАҒАНДЫҚ ИННОВАЦИЯ АЛАҢЫ

Биыл 12–14 қыркүйек аралығында өтетін бұл айтулы цифрландыру және инновациялық дамуға бағытталған конференция еліміздің ірі өнеркәсіп ор-

талығы әрі мегаполис мәртебесіне ие Шымкент шаһарының технология мен мәдениетті ұштастырған халықаралық орталыққа айналуына мүмкіндік бермек. Өйткені, GTW CA – аймақта теңдесі жоқ, орталықтандырылмаған жаңа форматтағы конференция екені даусыз. Оның басты ерекшелігі – әлемдік деңгейдегі технологиялық көшбасшылар, инвесторлар, стартап-қауымдастықтар мен мәдениет өкілдерінің бір алаңда бас қосатыны әрі цифрландыру және инновацияның ең соңғы жаңалықтары мен жобаларды одан әрі жетілдіру бағыты жан-жақты талқыға түспек.

Бұл жоба әлем елдерінің де назарын өзіне аудармақ. Өйткені, ауқымы аса зор конференция бастамашылары қатарында YouTube, SIRI, Atari, Ubisoft және Griffin Gaming сынды аса ірі алпауыт компаниялар бар. Сондай-ақ, Y Combinator, 500 Startups, Andreessen Horowitz (a16z) және European Business Angels Network сияқты венчурлық қорлар да Шымқалада өтетін айтулы конференцияға қатысуға ниет білдірген. Бұл қазақстандық ІТ-нарық пен стартап экокүйесі үшін өте мол мүмкіндік десек артық айтқандық емес. Өйткені,



конференция аясында заманға сай цифрлық технологиялар мен инновациялық жобаларға инвестициялар тартудан бастап, халықаралық тәлімгерліктен өтуге, стратегиялық серіктестік орнатуға дейін жол ашылған.

ҮШ КҮНДЕ ОТЫЗДАН АСТАМ ІС-ШАРА ӨТПЕК

Конференция бағдарламасы технологиялық ауқымдылығымен ғана емес, мазмұнымен де ерекшеленеді. Ұйымдастырушылар ұсынған мәліметке сенсек, Web3, жасанды интеллект, финтех, мәдениет пен қоғамдағы цифрлық трансформация тақырыптары айтулы шарада кеңінен қамтылмақ. Бұған қоса, алғаш рет кино, гейминг және киберспорт салаларына арналған арнайы бөлімдерді де ұйымдастыру көзделіп отыр. GTW CA екінші күнінде 120-дан астам спикер панельдік сессияларға қатысып, өз тәжірибесімен бөліседі. Көрмелік аймақта компаниялар өз өнімдері мен шешімдерін таныстырады. Ал B2B және B2G форматындағы кездесулер бизнес пен билік арасындағы тікелей диалог алаңына айналмақ. Ең қызығы – екі халықара-

лық стартап байқауы. Мұнда үздік жобалар бүкіл әлемге таныстырылып, 20-дан астам елден келген инвесторлар мен сарапшылардың назарын аударуға мүмкіндік алады.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ МЕН ҚАУІПСІЗДІК ӨЛШЕМІ

Цифрландыруды ілгерілету – тек экономикалық өсудің тетігі ғана емес, сонымен қатар елдің қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін аса маңызды фактор. Өйткені, бүгінгі таңда жасанды интеллект технологияларын енгізу, деректерді қорғау жүйелерін жетілдіру, мемлекеттік қызметтердің ашықтығын қамтамасыз ету – құқықтық мемлекет қағидаларын нығайтудың да пәрменді жолына айналған.

Шымкенттегі GTW CA – осы бағыттағы жұмысты халықаралық деңгейде насихаттап, Орталық Азиядағы цифрлық интеграцияға тың серпін беретін алғашқы қадам болмақ. Қазақстан үшін бұл – шетелдік технологиялық алпауыттармен екі жақты әріптестік орнатып өзара тәжірибе алмастыруға, сонымен қатар елдің инновациялық брендингін қалыптастыруға жол ашады.

КӨРЕГЕН ҚАДАМ – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК

GTW CA-ның Қазақстанда өткізілуі – елдің ІТ-индустриядағы беделін арттыратын, стартап экокүйесін жаһандық аренаға шығаратын маңызды мүмкіндік. Бұл шара тек технологиялық прогресс қана емес, мәдени және экономикалық интеграция алаңы болмақ.

Цифрлық дәуірде жаһандық көштен қалмау – ұлт тағдырына әсер ететін стратегиялық міндет. Сондықтан Шымкенттегі бұл жаһандық басқосу – Қазақстанның инновациялық болашағына жол ашар тарихи белес болары сөзсіз.

Майра ТОҚАНОВА,
Шымкент қаласы

МЕРЕЙ

ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп белгіленген.

Заңдардың қайнар бастауы

Еліміздің негізгі заңында Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етілді. Ол мемлекеттің өз аумағының тұтастығын, сырттан қол сұғылмауын және бөлінбеуін толық қамтамасыз ете алады.

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша құдаланады. Демократиялық принциптер Конституцияның «Адам және азамат» атты екінші бөлімінде айқын көрініс тапқан. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі де Ата Заңмен бекітілген.

Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай тудырған. Конституцияда республикадағы мемлекеттік билік біртұтас деп жарияланған. Бұл билік Конституция бойынша үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі болып дараланған. Мұндағы мақсат билікті біржақты иемденіп кетушілікті болдырмау.

Конституцияда сот жүйесіне де үлкен маңыз берілген. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Республиканың сот жүйесі Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Президент – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Ж.АХМЕТОВ,
Ақмола облысы
Астрахан аудандық сотының судьясы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Келісімге келгеннің ұпайы түгел

Қазақ халқының құқықтық санасы көне заманнан бастау алады. Тәукенің «Жеті жарғысы», Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы секілді заңдардың бәрі елдіктің ережесі, жұрттың жүріс-тұрысын тәртіпке салған дала Конституциялары іспетті болды. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деген ұлы сөздерден әділ билік пен заңның биік үлгісі көрініс тапқан. Ал тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы рухани негізге сүйене отырып, заманауи құқықтық мемлекеттің үлгісі ретінде қалыптасты.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 120-бабында татуласуы рәсімдері қарастырылған. Осы бап талабына сай, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

2024 жылы Ақтөбе облысы аймағы су тасқынынан зардап шегіп, төтенше жағдай жарияланды. Қаншама жеке және заңды тұлғалар осы апаттың кесірінен зардап шекті. Келтірілген залалды өндіру үшін азаматтар Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 255 талап арызбен жүгінді. Сот медиатор ретінде медиация тәртібін жүргізді және істің 144-ін медиация тәртібімен реттеді.

Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Дауды медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу сотта осы кодекске және Қазақстан заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Тараптар арасындағы дауды бейбіт жолмен шешу ата-бабадан келе жатқан маңызы зор мәселенің бірі. Дала дауын талай би-шешендеріміз бір ауыз сөзбен бейбіт тоқтамға келтіріп отырған. Татуластыру рәсімдерін әкімшілік іс жүргізу барысында қолдану арқылы судьялар дауды тез әрі түпкілікті шешуде. Мысалы, 2024 жылы Ақтөбе облысы аймағы су тасқынынан зардап шегіп, төтенше жағдай жарияланды. Қаншама жеке және заңды тұлғалар осы апаттың кесірінен зардап шекті. Келтірілген залалды өндіру үшін азаматтар Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 255 талап арызбен жүгінді. Сот медиатор ретінде медиация тәртібін жүргізді және істің 144-ін медиация тәртібімен реттеді. Мысалы Ж есімді азаматшаның үйі су тасқыны кезінде суға кетіп, шығынға ұшырайды. Жауапкер арыз тапсыру уақытының өтіп кеткенін айтып, тиісті шараларды қабылдамайды. Осы дауға



орай сотта медиациялық шарт жасалды. Бұл шартқа сәйкес, Ақтөбе қаласы Алматы ауданының әкімі келісім бекітілген күннен бастап бір ай мерзімде талап қоюшының 2024 жылғы 18 маусымдағы арызын комиссия отырысында қарауға міндеттенеді.

Екінші мысал, бір заңды тұлғаның шаруа қожалығы 2024 жылғы орын алған көктемгі су тасқыны кезінде шығынға ұшыраған. Ол Ойыл ауданының әкіміне табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде келтірілген залалды өтеуді сұрайды. Медиация шарттарына сәйкес, Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімі 2025 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде оның шаруа қожалығына 20 бас мүйізді ірі қара мал үшін залалды жергілікті бюджеттен өтеуге міндеттенді. Осылайша, татуластыру рәсімдерімен даудың шешілуі тараптардың уақытын, қаражатын жоғалтпай, өз тиімділігін көрсетті.

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

eQyzmet жүйесі арқылы мемлекеттік қызметке іріктеу толықтай онлайн форматқа көшті. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметке орналасу бұрынғыдай күрделі әрі ұзақ үдеріс емес. Қазақстанда енгізілген eQyzmet онлайн жүйесі бұл процесті әлдеқайда жеңіл, ашық және әділ етті. Енді мемлекеттік қызметке тұру үшін көп құжат жинап, әр мекемеге барып, кезек күтудің қажеті жоқ.

eQyzmet – тең мүмкіндік беретін тиімді алаң

Бүгінгі күні мемлекеттік қызметке өтініш беру бар-жоғы бірнеше қарапайым қадамнан тұрады: 1. Порталда тіркелу e.gov.kz немесе eqyzmet.gov.kz сайтына кіріп, ЖСН арқылы жеке кабинет ашасыз. 2. Резюме мен құжаттарды жүктеу. Жүйеде талап етілетін құжаттарды (жеке куәлік, диплом, еңбек өтілі туралы мәліметтер және т.б.) сканерлеп жүктейсіз. 3. Бос орындармен танысу Сізге қызықты бос лауазымдарды қарап, талаптарымен танысасыз. 4. Онлайн өтінім беру Таңдаған лауазымға бір батырма арқылы өтінім беруге болады. Қосымша құжаттарды қоса тіркеп жібересіз. 5. Онлайн тестілеу Белгіленген уақытта үйде отырып, заңнаманы білу, логика және мемлекеттік тілді білу бойынша тест тапсырасыз. 6. Сұхбаттасу (интервью) Тесттен сәтті өткен жағдай-

да, комиссиямен онлайн (бейнебайланыс арқылы) сұхбаттасуға шақырыласыз. 7. Нәтижесін күту Сұхбат нәтижесін жүйеден көресіз. Егер конкурс жеңімпазы болмасаңыз, кадр резервіне ену мүмкіндігі бар. Бұл жүйе мынадай функцияларымен тиімді. Ең алдымен азаматтар енді үйден шықпай-ақ құжат өткізе алады. Уақыт пен жолға кететін шығын азаяды. Бүкіл процесс ашық және әділ өтеді. Жүйе әр кезеңде кері байланыс береді және бұл жас мамандар үшін қолайлы мүмкіндік. Бұрын мемлекеттік қызметке тұру – ұзақ әрі қиын процесс болса, енді барлығы цифрлық жүйе арқылы оңай шешіледі. Мемлекеттік қызметке келем деуші әр азаматқа eQyzmet – тең мүмкіндік беретін ашық алаң. А.Меллишева, Абай облысы Жарма аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Есілдің бүгінгі жетістігі – елдің ертеңгі қауіпсіздігі



Жастардың құқық бұзушылықтар мен қоғам тіршілігіне қатер төндіретін қылмыстардан бойын аулақ ұстауы, алкогольді ішімдіктер мен нашақорлықтан ада болуы азат әрі еркін ойлы ел тұтқасын ұстар азамат болып қалыптасуына аса зор ықпал етеді. Бұл орайда Ақмола облысында аталған мәселеге баса назар аударылған десек артық айтқандық болмас.

Ақмола облысына қарасты Есіл ауданында соңғы үш жылда бірде-бір жасөспірім қылмысқа қатыспағаны мәлім болды. Бұл – жай ғана статистика емес, жүйелі, мақсатты және үйлесімді жұмыстың жарқын жемісі екені даусыз. Полиция мен спорттық қауымдастықтың, жергілікті билік

пен қоғамдық ұйымдардың өзара серіктестігі жастарды қылмыс пен құқық бұзушылықтан қорғаудың тиімді үлгісін қалыптастырып отыр.

Жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спортты жанына серік етуі ғасыр дертіне айналған алкоголь мен темекі, сондай-ақ есірткі сияқты ұлт болашағына қатер төндіретін қауіптен аулақ болуға ықпал еткен. Жас буынның спортқа мойын бұруы құқық қорғаушылардың да назарын аударып, қоғам қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етуде өзгеге үлгі болатыны ақиқат. Айталық жақында облыстық полиция департаментінің басшылығы Есіл ауданының спорт жаттықтырушылары мен жастарын жинап кездесу ұйымдастырған. Онда заң үстемдігін және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мақсат еткен «Заң және тәртіп» идеологиясы жөнінде ойлар өрбіді.

Кездесуде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, жастарды спортқа баулып, белсенділігін арттыру мәселесі талқыланды. Жаттықтырушылар өз тәжірибесімен бөлісті. Тәртіп сақшыларының айтуынша қоғамда қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде полиция мен спортсүйер жастар арасындағы байланыстың септігі зор.

– Полиция мен спорт қоғамдастығы арасындағы серіктестік – бұл тек алдын алу шарасы ғана емес, ұлттық қауіпсіздікті нығайтудың пәрменді құралы. Өйткені қылмысқа қарсы іс-қимыл – полициядан бөлек, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Бұл орайда спортты серік еткен еркін ойлы жастардың болуы қоғам ішінде тыныштық пен қауіпсіздіктің болуына кепілдік бермек, – дейді Ақмола облысы полиция департаментінің ресми өкілі Гүлнәр Пинчук.

«ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ» ЖӘНЕ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ РӨЛІ

Ақмола өңірі «Зиялы қауым» бағдарламасын тиімді жүзеге асырып келе жатқан бірден-бір аймақтың бірі. Бұл бастама қоғамның түрлі топтарын – мұғалімдерді, спортшыларды, мәдениет өкілдерін, ардагерлерді жастар тәрбиесіне жұмылдырып келеді. Есіл ауданында да бұл бағдарлама өзінің жемісін беріп отыр. Мұнда ата-аналар, ұстаздар және спорт жаттықтырушылары бірлесіп, жасөспірімдерді қылмыс пен жағымсыз әдеттерден алшақ ұстауға барынша үлес қосуда.

Полиция, жергілікті жастар мен қауымдастық өкілдері белсене қатысқан кездесуге жекпе-жекпен әлем чемпионы, ел намысын дүбірлі додаларда абыроймен асқақтатқан Идрис Бірімжанов та қатысты. Ол жас буынға өзінің өмірлік тәжірибесінен мысал келтіріп, тәртіп пен еңбектің, салауатты өмір салтының артықшылықтарын атап өтті. Оның айтуынша, спорт – тек денені шынықтыру үшін ғана емес, мінезді шыңдау, ерік-жігерді бекіту, сондай-ақ жауапкершілікке баулу үшін қажет өмір мектебі.

Бүгінде Есіл ауданында бірнеше заманауи спорт кешені жұмыс істейді. Бұл – жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, спортқа деген қызығушылықтарын арттыруға және оларды қауіпсіз ортаға тартуға аса зор мүмкіндік бермек. Сонымен бірге, полиция органының бастамасымен «Заң елшілері» атты жаңа жоба қолға алынған. Оның мәні – жас спортшылардың өз қатарластарына үлгі болуы. Бұл қоғамда заң мен тәртіпке құрметті насихаттаудың тың тәсілі.

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Қоғам назарын аударған кездесуде бірқатар тың бастамалар ұсынылды. Атап айтқанда, Тәуекел тобындағы жасөспірімдерге арналған турнирлер мен ювеналды полиция инспекторлары қатысатын спорттық шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, «Тәлімгер» бағдарламасы арқылы тәжірибелі

спортшылар қиын жағдайда жүрген жасөспірімдерге қамқорлық жасайтын болды. Бұл бағыт тек спорттық шеберлікті дамытып қоймай, құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамда белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруға оң ықпал етпек.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – НӘТИЖЕГЕ АПАРАР ЖОЛ

Іс-шара соңында жергілікті ішкі істер органдары мен спорт ұйымдары арасында «Заң және тәртіп» қағидасы бағдарламасы шеңберінде тұрақты өзара іс-қимылды көздейтін ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Марапаттау рәсімінде өңірдегі спортты дамытуға, полицияға құқық бұзушылықтардың алдын алуға жәрдемдесуге және жас буынды тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін ауданның спорт мектептерінің жаттықтырушылары мен белсенді тәрбиеленушілері алғыс хаттармен марапатталды.

Есіл ауданының тәжірибесі – қылмысқа қарсы іс-қимылда, оның ішінде мемлекеттің тәуелсіздігі мен ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қоғам өміріне аса үлкен қатер төндіріп тұрған адам саудасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, діни экстремизм мен терроризм, сыбайлас жемқорлық, нашақорлық пен есірткі бизнесі, браконьерлік сияқты аса қауіпті қылмыстарға қарсы күресте қоғам мен биліктің бірлескен жұмысының нәтижелі болғанының айқын дәлелі.

Жастарды спортқа, мәдениетке және білімге баулу – олардың өмір жолын дұрыс бағытқа бұратын ең сенімді тәсіл десек қателеспейміз. Есілдегі нөлдік қылмыс көрсеткіші – соның жарқын мысалы болмақ. Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті сақтау – тек шекара күзету немесе заңды қатаңдатумен ғана шектелмек емес. Ол – әр ауылдағы, әр аудандағы осындай игі бастамалардан бастау алады. Есілдің бүгінгі жетістігі – ертеңгі Қазақстанның қауіпсіздігі мен жарқын болашағының кепілі.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ҰБТ

140 ұпай жинаған жалғыз түлекке пәтер берілді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Грант бөлу кезінде ел экономикасының болашақтағы кадрлық қажеттіліктері ескерілді. Ең көп грант инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына бөлінді (18 846 грант). Педагогикалық ғылымдар – 13 226 грант, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 11 615 грант алды. Одан кейінгі орындарда жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика – 9 188 грант, ауыл шаруашылығы және биоресурстар – 2 379 грант, қызмет көрсету саласы – 2 200 грант, өнер және гуманитарлық ғылымдар – 1 915 грант, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат – 1 485 грант, бизнес, басқару және құқық – 1 423 грант, ветеринария – 1 275 грант.

Өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, 2025 жылғы қабылдау науқаны айтарлықтай өсіммен ерекшеленді. 2024 жылы мемлекеттік білім беру тапсырысының игерілу деңгейі 95%-ға жуық болса, биыл бұл көрсеткіш 99%-ға жетіп, ел тарихындағы ең жоғары деңгей тіркелді.


Аймақтық квоталардың енгізілуі мен инженерлік-техникалық мамандықтарға басымдық берілуі нәтижесінде бұл салаға бөлінген гранттар көлемі өткен жылға қарағанда айтарлықтай артты. Сондай-ақ, шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарына бөлінген грант саны мен мамандықтардың әртараптан-дырылуы жоғары білім беру жүйесінің халықаралық ашықтығын және өңірлік сұраныстарға бейімделуін көрсетті. Жалпы, 2025 жылғы қабылдау науқаны тек грант көлемі мен игеру деңгейінің ре-

кордымен ғана емес, құрылымдық өзгерістермен де есте қалмақ. Жаңа квоталар жүйесі, әлеуметтік осал топтарға көрсетілген қолдау және стратегиялық маңызы бар мамандықтарға бағытталған арнайы гранттар – еліміздің жоғары білім беру саласын дамытуда жаңа кезеңнің басталғанын айғақтайды.

2025 жылғы негізгі ҰБТ-да ең жоғары – 140 балдық нәтиже Түркістан облысынан шыққан Әбілхан Жәнібекке тиесілі болды. Ол – биылғы тестілеуде максималды ұпай жинаған алғашқы талапкер. Ерекше жетістігі үшін жергілікті білім беру орталығы оған пәтер сертификатын

қатысушылардың басым бөлігі, яғни 76 пайызы қазақ тілін, 24 пайызы орыс тілін таңдады, ал шамамен 250-ден астам адам ағылшын тілінде тест тапсырды.

Талапкерлерге биыл екі мәрте тапсыру мүмкіндігі берілгендіктен, өтініштер саны 381 мыңға дейін жетті. Бұл көрсеткіш ҰБТ-ның ел көлемінде маңыздылығы артқанын және талапкерлердің жоғары нәтижеге жетуге талпынысын көрсетеді. ҰБТ нәтижелері мен грант бөлу қорытындылары арасында да тікелей байланыс бар. Жоғары ұпай жинаған талапкерлердің көбі инженерлік, педагогикалық және IT бағыттарын таңдаса, сирек



сыйға тартты. Сондай-ақ Түркістан облысы әкімінің орынбасары ноутбук табыстап, ұстаздарына алғыс хат берді.

130 балдан жоғары нәтиже көрсеткен талапкерлер саны 598-ге жетті. Орташа балл 69-ды құрады. Қатысушылардың шамамен 76 пайызы шекті балдан жоғары ұпай жинады. Тестілеу тілі бойынша

кездесетін, бірақ стратегиялық маңызы жоғары мамандықтарға да қызығушылық байқалды. Әсіресе, өңірлік квоталар мен жаңа енгізілген әлеуметтік жеңілдіктер көптеген түлектер үшін жоғары білімге жол ашты.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БАСТАМА



АЛҒАШҚЫ АЭС ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Энергетика саласының мамандары АЭС-тің іске қосылуы еліміздің индустриялық дамуына серпін беріп, электр энергиясы өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ететініне сенім білдіруде. Сондай-ақ бұл жоба аясында жаңа жұмыс орындары ашылып, ядролық энергетика саласына білікті мамандар даярлау ісі жолға қойылмақ.

Болашақ станцияның негізінде электр қуаты 1200 МВт болатын III+ буынның заманауи ВВЭР-1200 су-су энергетикалық реакторлары орнатылады. Бұл технология халықаралық қауіпсіздік талаптарына сай және қазіргі уақытта Ресей, Беларусь, Түркия, Бангладеш, Мысыр және Қытайдағы қолданыстағы әрі салынып жатқан нысандарда пайдаланылып келеді. Реактордың қызмет ету мерзімі – 60 жыл, қосымша 20 жылға ұзарту мүмкіндігі бар.

«Бүгінгі күн – тек алғашқы қадам, бірақ дәл осы қадам Қазақстанның экономикасында жаңа жоғары технологиялық саланы қалыптастыру жолын айқындайды. Біз АЭС құрылысы өңірдің дамуына қуатты серпін береді деп сенеміз. Бұл жоба – Қазақстанның стратегиялық таңдауы, өңір мен елдің ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің драйвері», – деп атап өтті ҚР Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің төрағасы Алмасадам Сәтқалиев.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КОНСТИТУЦИЯҒА – 30 ЖЫЛ

Қазақтың маңдайалды жазушысы Шерхан Мұртаза «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» деген екен. Дәл осы тіркес еліміздің бас құжаты – Конституцияға қарап айтылғандай. Конституция шын мәнінде әр мемлекеттің құқықтық қорғаны, елдегі теңдік пен еркіндіктің, әділдік пен заңдылықтың негізі. Мұнда ең алдымен азаматтардың өмірі мен бостандығын бағалауға, басты құндылық ретінде дәріптеуге басымдық берілген. Сонымен бірге, мемлекеттің дамуы мен өркендеуі үшін елдегі барлық қарым-қатынасты заңдық тұрғыдан реттеуге, әр құрылымның жұмысын жүйелеуге назар аударылған.

АТА ЗАҢ – ӘР МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАНЫ



Еркін БАЙБУТАЕВ,
Алматы облысы мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

Отыз жылдан бері тәуелсіз елдің тірегіне айналған Ата Заңымыздың іргетасы мықты, тұғыры берік. Өйткені, бұл құжатты дайындауға еліміздің ең мықты, ең білікті мамандары жұмылдырылған. Сонымен бірге бұл құжатта барша халықтың тілегі, арманы, мұраты тұр. Бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңның дайындалуына азаматтар да бір кісідей атсалысты. Конституцияның негізгі баптары көпшілік арасында ең көп талқыланғанына, ең көп пікір айтылғанына тарих куә. 9 бөлім, 99 баптан тұратын негізгі заңда мемлекет өміріне, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға қатысты ескерілмей қалған тетік жоқ.

Конституция – кез келген мемлекеттің құқықтық, саяси және идеологиялық негізі болып табылатын басты заң. Ол – мемлекеттің құрылымын, басқару жүйесін, билік тармақтарының арасындағы қатынастарды және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын анықтайтын нормативтік-құқықтық акт.

Конституция – елдің тұрақтылығы мен өркендеуінің іргетасы. Ол азаматтардың бостандығы мен теңдігін қамтамасыз ететін

басты құжат ретінде қоғам өмірінде маңызды орын алады. Конституцияның үстемдігі мен орындалуы – азаматтық қоғамның дамуына, демократиялық құндылықтардың орнығуына тікелей ықпал етеді. Осы отыз жыл ішінде Ата Заң мемлекеттің дамуына, өркендеуіне негіз қалады. Азаматтардың өзіне, болашаққа деген сенімін нығайтты.

Заңның сауатты түзілуі, сапалы дайындалуы халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға айтарлықтай әсерін тигізді. Соның арқасында бүгінде азаматтар өз құқығын сот арқылы қорғауға дағдыланған. Бұл халықтың өз мәселесін күшпен емес, заңмен шешуге үйренгенін көрсетеді. Азаматтардың құқықтық білімінің өсуі елдегі заңның сақталуына, құқықбұзушылықтардың алдын алуға айтарлықтай көмектеседі. Сондықтан Конституцияның талаптарын түсіндіру, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру бағытындағы жұмыстар бір сәт те тоқтамауы керек.

Конституцияны білу және құрметтеу – әрбір азаматтың міндеті әрі жауапкершілігі. Осыған орай Ата Заңның басымдықтарын мектеп қабырғасынан оқытып, жастардың заңға деген құрметі мен танымын қалыптастыруды ерте бастан қолға алған дұрыс. Заңды оқып, біліп өскен адам өзінің де құқығын таптатуға жол бермейді, тиісінше өзі де құқыққа қайшы әрекет жасамайды. Зайырлы мемлекеттің негізгі белгісі де осы.

Конституцияны оқыту, оның мақсат-мұратын насихаттау үздіксіз жүргізілгені жөн. Осы ретте құзырлы органдар Конституцияны насихаттауды тұжырымдамасы мен форматын өзгертсе деген тілегіміз бар. Айталық, Ата Заңның артықшылықтарын көрсету тек дәріс өтіп, арнайы жиындар өткізумен шектелмей керек. Конституцияның маңызы мен мәнін жастардың жазып, көрсетуіне мүмкіндік берген орынды. Соған орай әр жастағы өрендер арасында эссе жазудан жыл сайын тұрақты жарыс өткізілсе, бұл кейінгі буынның Конституцияның басымдықтарын өз бетінше оқып, үйренуіне жол ашады. Сондай-ақ Конституцияға қатысты білімді тексеретін сайыстар, викториналық сауалнамалар жүргізудің де тиімділігі зор. Өзінің заңды білетінін, Ата Заңды құрметтейтінін дәлелдегісі келген жастар бұл жарыстарға белсене қатысып, еркше дайындалады. Бұл Конституцияның әр тарау, әр бабын жатқа білетін сауатты жастардың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, Конституцияны дәріптейік, сыйлайық, құрметтейік!

БАҒДАР

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық құрылысты қорғау мен Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін сот билігінің маңызды органының бірі. Оның қызметі құқықтық мемлекет құру мен елдегі демократияны дамытуда ерекше орын алады.

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

2022 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістерден кейін Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылды. Бұл елдің сот жүйесін жетілдірудегі маңызды қадам болды. Конституциялық Соттың судьялары кәсіби деңгейі жоғары, беделі мінсіз тұлғалардан тұрады. Судьяларды Президент Сенаттың келісімімен тағайындайды. Айта кету керек, Конституциялық Сот тәуелсіз орган және биліктің басқа тармағына бағынбайды.

Конституциялық Соттың міндеті – заң, Президент жарлықтарының, Парламент қаулылары мен нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін бақылау. Сот Президент, Парламент палаталары төрағалары, Парламент депутаттарының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің, Бас прокурордың, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және соттардың өтініштерін қарайды. Мұндай өтініш білдірушілер ауқымының кең болуы конституциялық бақылаудың тиімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар,

Конституциялық Сот Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді. Бұл оның нормаларын барлық мемлекеттік органдар мен соттарда бірыңғай қолдануға мүмкіндік береді. Конституциялық Сот сондай-ақ мемлекеттік билік органдары арасында туындайтын конституциялық мәні бар өкілеттік дауларды шешеді.

Конституциялық Сот Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. Оның қызметінің арқасында Конституцияға қайшы келетін заңдар мен құқықтық актілер күшін жояды. Бұл антиконституциялық шешімдердің қабылдануына жол бермейді және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Конституциялық Сот шешімі бүкіл Қазақстан аумағында міндетті түрде орындалуы тиіс. Бұл оның жоғары мәртебесі мен беделін көрсетеді.

Гаухар ГУБАШЕВА,
Атырау қаласы №2 соты
әкімшісінің бас маман - сот
мәжілісінің хатшысы

ДАНАЛЫҚ

«ӘДЕПСІЗ ӨСКЕН ҰЛ-ҚЫЗ АТА-АНАСЫНЫҢ СҮЙЕГІНЕ ТІЛ ТИГІЗЕДІ»

Қазақтың бас ақыны Абайдың болыс болғанын жұрт біледі, ал оның әділ би болғанын және «Қарамола» ережесін жазғанын көпшілік біле бермейді.

Абай әділ би болған деген сөзім жалаң болмас үшін, туған інісі Оспанға тарттырған айыбына қатысты бір нақты мысал келтірейін. Құнанбайдың кенже баласы ретінде қара шаңыраққа ие болып отырған Оспан жастайынан содыр мінезді, дандайсыған, сотқарлау болып өседі. 1880 жылдары Оспан малын айдап жайлауға көшіп кеткенде, қыстауда қора-қопсыны бағып қалған 12 үй жатақ бірлесіп, ағаш соқаға сауын сиырларын жегіп, ой-ойдағытың 20-25 десятина жерді жыртып, азды-көпті бидайларын егіп, оны күтіп, еңбектеніп өсіреді. Бірде Оспан жайлаудан жылқыларын айдап келе жатып, жатақтар-

дың жайқалып өскен егініне жылқыларын жаюды бұйырады. Жылқылар егінді тұяқтарымен жайпап, жеп кетеді. Бұны көрген жатақтар зар жылап, өкініп қалады.

Осы кезеңде Абай Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінде болатын төтенше съезге келе жатып, жатақтың егіні інісі Оспанның бұйрығымен тапталып қалғанын, содан қыстаудағы халықтың, шиеттей бала-шағаның ас-суызы қалғанын біледі.

Орын алған келеңсіз мән-жайдың анық-қанығына жеткен соң Абай, Оспанға 24 жылқы айдап әкелуді бұйырады. Сөйтіп, оны 12 жатақ үйге 1 ірі жылқы және 1 құнаннан бергізіп, «Бұл менің Оспаннан әперген айыбым, қорықпай алып, пайдаланыңыздар!» дейді.

Ал Оспанға: «Әкеңнің шаңырағының қасиетін сақта-саң, жайлауға кеткенде қыстауыңды күзететін, іркітінді құрт қылатын, жүніңді киіз қылатын, малыңның көңін отын ететін жатақтарда әкеңнің құны кеткен жоқ. Оларды неге қорлайсың, жер-суды сен жаратқан жоқсың. Жер-су – Құдайдікі, соны кім пайдаланып, игілікке асырса, соңікі. «Әдепсіз өскен ұл-қыз ата-анасының сүйегіне тіл тигізеді» деген сөз бар», деп інісі Оспанға жатақтың егініне малын жайғаны үшін айыбын тартқызған екен.

Міне, осыдан-ақ, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген халық нақылының айқын көрініс тапқанын аңғарамыз.

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
журналист-жазушы



ралық деңгейде зерттелуде. Германияда Абайдың зерттеу ісі мәдениеттанушылар мен филологтардың назарында, ал Қытайда оның өлеңдері мен қара сөздері бірнеше рет басылып шықты. Бұл оның шығармашылығының әлемдік деңгейде танылып, өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді.

Абайдың 180 жылдығын мерекелеу аясында Қазақстанда және шетелде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда. «Ұлылардың ұлысы – Абай» атты конференциялар, әдеби кештер, көрмелер, музыкалық бағдарламалар мен дебаттар өтуде. Бұл

шаралар Абайдың мұрасын насихаттап, жастарды оның шығармашылығымен таныстыруға бағытталған.

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы – қазақ халқының рухани байлығы мен мәдени мұрасын әлемге танытуға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Оның шығармашылығы бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа рухани азық болып қала береді.

Қ.САҚТАҒАНОВА,
Қызылорда қалалық
сотының жетекші маманы

ТҮЙТКІЛ

Интернет алаяқтық – интернет арқылы жасалатын заңсыз әрекеттер. Оның мақсаты – адамдардың жеке, қаржылық немесе басқа да маңызды ақпараттарын ұрлау, сондай-ақ қаржылық пайда табу. Бұл алаяқтықтың түрі мен әдісі әртүрлі, олардың барлығы интернеттегі пайдаланушыларды алдап, зиян келтіруге бағытталған.

Интернет алаяқтық қазіргі уақытта өзекті мәселенің бірі. Себебі: көптеген қызметтер, соның ішінде банк операциялары, сауда, оқу және жұмыс интернет арқылы жүзеге асырылады. Бұл алаяқтарға үлкен мүмкіндік береді. Зиянды бағдарламалар мен құралдарды үнемі жасап, жетілдіріп отырады. Бұл – олардың әрекетін тиімді етудің бір жолы. Алаяқтар пайдаланушыларды алдауды жеңілдету мақсатында шынайы сайттарға өте ұқсас жалған веб-сайттарды оңай жасай алады, әлеуметтік инженерия әдістерін пайдаланып, адамдардың эмоциясын, сенімін және әдеттерін манипуляциялайды. Пайдаланушыларды алдап, жеке мәліметтерін алу үшін жалған электрондық хаттар, мәтіндік хабарламалар немесе телефон қоңырауларын пайдаланады. Бүгінде өзекті болып отырған интернет алаяқтықтың салдарынан адамдар мен компаниялар үлкен қаржылық шығынға ұшырағаны белгілі.

Мамандардың айтуынша, интернет алаяқтықтың алдын алу үшін

Интернет алаяқтық туралы не білеміз?

оқу орындарында киберқауіпсіздік бойынша арнайы сабақтар енгізу керек. Бұл жасөспірімдер мен жастардың интернетте қауіпсіз жүріс-тұрысын қалыптастыруға көмектеседі. Интернет-ресурстар мен қызметтерде қос факторлы аутентификацияны енгізу арқылы аккаунттардың қауіпсіздігін арттыру маңызды. Қолданушыларды күрделі құпия сөздер пайдалануға және оларды тұрақты түрде өзгертуге ынталандырып, банктер және басқа қаржы ұйымдарымен бірге жұмыс істеу кезек күттірмейді. Тұрғындарға интернет банкинг және онлайн транзакцияларда қауіпсіздік шараларын түсіндіру интернет алаяқтықпен күресу және тұрғындардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Интернет алаяқтықтың кең таралған түрлері:

- Фишинг: жеке мәліметтерді алу үшін жалған электрондық хаттар, веб-сайттар немесе мәтіндік хабарламалар пайдалану.
- Вишинг: телефон арқылы жасалатын алаяқтық. Мұнда алаяқтар банк қызметкері немесе құқық қорғау органы қызметкері болып танысады.
- Смшинг: мәтіндік хабарламалар арқылы фишинг.

4. Зиянды бағдарламалар: пайдаланушылардың құрылғыларына зиянды бағдарламаларды жүктеп, ақпаратты ұрлау.

5. Жалған интернет-дүкендер: жалған интернет-дүкендер жасап, пайдаланушыларды алдап ақша алу.

6. Онлайн танысу алаяқтығы: танысу сайттарында жалған профильдер жасап, адамдардың сеніміне кіріп, олардан ақша талап ету.

7. Инвестициялық алаяқтық: жоғары кіріс уәде етіп, жалған инвестициялық мүмкіндіктер ұсыну.

Интернет алаяқтықпен күресу үшін әрбір пайдаланушы сақтық танытып, интернет қауіпсіздігі туралы хабардар болуға және қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

Десек те, кибер алаяқтардың арбауына түскен болсаңыз бірден полицияға немесе басқа құқық қорғау органдарына хабарласып, оқиғаның мән-жайын түсіндіріп, арыз жазу керек. Заңдарды бұзудан сақ болып, алаяқтыққа ұшырамау үшін интернет қауіпсіздігіне қатысты барлық шараларды қабылдау қажет.

Индира БОРАНОВА,
Атырау облысы
Мақат аудандық соты
әкімшісінің жетекші маманы

ПАЙЫМ

ТАТУЛАСУ РӘСІМДЕРІ: ДӘСТҮР МЕН РУХАНИ ҮЙЛЕСІМ КӨРІНІСІ

Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани дүниетанымы мен өмір салты бейбітшілікті, ауызбіршілікті, сыйластықты жоғары қойған. Дала мәдениетінде дау-дамайдан, жанжалдан гөрі, татуласуға, келісімге келуге басымдық берілген. Бұл үрдіс – көшпелі өмір салтының, руаралық қатынастардың, туыстық байланыстардың нәтижесінде қалыптасқан терең әлеуметтік-мәдени тәжірибе.

Татуласу дәстүрі арқылы қазақ халқы қоғамдағы тұрақтылықты, ынтымақты сақтап, ұрпақтар сабақтастығына негіз болған құндылықтарды ұлықтап отырған. Ел ішіндегі кез келген келіспеушілік, дау-жанжал би-шешендердің араағайындығымен шешіліп, тараптарды бітімге шақыру арқылы бейбіт жолмен реттелген. Бұл үрдіс халық арасында «бітімге келу», «кешірім жасау», «дауды далада қалдыру» сияқты ұғымдармен бейнеленіп, ұлттық танымның ажырамас бөлігіне айналған.

Ежелгі билер институты осы жолда маңызды рөл атқарған. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды тұлғалар тек құқық қорғаушы немесе төреші ретінде ғана емес, сонымен қатар ел бірлігін сақтаушы, бейбітшіліктің жаршысы, адамгершілік ұстанымның үлгісі ретінде халық жадына сіңген.

Татуласу рәсімдерінің түп-төркіні сонау рулық-тайпалық кезеңнен бастау алады. Ол кезде әрбір рудың, тайпаның өз ішіндегі және өзге рулармен қарым-қатынасы бейбіт жолмен, өзара мәміле арқылы реттеліп отырған. Татуласудың мәні тек екі жақтың арасындағы дау-дамайды шешіп беру емес, сонымен қатар ұрпақтар арасындағы өзара құрмет пен сенімді сақтап қалу, ел ішіндегі тәртіп пен үйлесімділікке жол ашу болатын. Бұл дәстүр сонымен қатар әр адамды сабырлыққа, шыдамдылыққа, парасаттылыққа тәрбиеледі. Сондықтан татуласу рәсімдері – жай ғана формальды әрекет емес, бұл – терең әлеуметтік, рухани және тәрбиелік маңызы бар ұлттық үрдіс.

Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық жүйесі мен моральдық-этикалық нормалары – татуласу рәсімдерімен тығыз байланысты. Бұл

дәстүр нақты дауды шешудің, жалпы қоғамдағы әділеттілік пен адалдықтың сақталуының кепілі болған. Осындай терең мағынасы мен тарихи негізі бар татуласу мәдениеті – қазақ халқының ауызбіршілігі мен ұлттық тұтастығының айқын көрінісі.

Қазақ халқының татуласу дәстүрі – тек кешірім сұрау немесе жанжалды тоқтату емес, бұл – қоғамдық қатынастарды реттеудің, адами құндылықтарды сақтау мен насихаттаудың бірегей үлгісі. Татуласу рәсімдері көбінесе би-шешендердің басшылығымен, ауыл ақсақалдарының төрелігімен өткізілген.

Қазақ халқының татуласу дәстүрі бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ, керісінше, қазіргі жаһандану мен әлеуметтік қарбалас күшейген заманда адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты реттеуде, ұлттың ішкі бірлігін сақтауда ерекше рөл атқаруда. Қазіргі қоғамда адамдар арасындағы дау-дамайлар бұрынғыдай тек руаралық, жер дауы не мал дауына емес, енді көбіне күнделікті тұрмыстық кикілжің, мүлік бөлісу, отбасылық араздық, қызметтік дау арқылы туындап отыр. Осындай жағдайда ата-бабымыз ұстанған татуласу мәдениеті медиация, бітімгершілік және бейбіт

келісім тәрізді құқықтық-қоғамдық жүйелермен үндесіп, жаңа мазмұнда жалғасын тауып келеді.

Қазіргі медиаторлар – қазақтың ежелгі би-шешендерінің ізбасарындай: олардың мақсаты да дауды ушықтырмай, екі жақты татуластырып, мәселені әділ жолмен шешу. Бүгінгі таңда елімізде «Медиация туралы» заң қабылданып, татуласу рәсімдерін құқықтық жүйемен ұштастыратын нақты механизмдер енгізілді. Бұл заң арқылы дауласушы тараптар сотқа жүгінбей-ақ, арнайы дайындықтан өткен кәсіби медиаторлар көмегімен ортақ мәмілеге келе алады. Мұның басты артықшылығы – тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдеп қана қоймай, өзара қарым-қатынасты сақтап қалуында. Мұндай жолды таңдаған адамдар көбінесе үлкендерден көрген, бала күннен бойына сіңірген ұлттық тәрбиенің әсерінен келісім мен кешірімді жоғары қояды. Бұл – қазақ халқының рухани-мәдени кодында сақталған татулыққа деген құрметтің дәлелі. Сонымен қатар қазіргі қоғамда татуласу рәсімдері тек құқықтық саламен шектелмей, отбасылық, ағайындық және қоғамдық деңгейде де жалғасуда.

Қала мен ауылда өмір сүретін адамдар арасында әлі де болса ақсақалға, үлкенге жүгініп, екі тарапты татуластыру дәстүрі бар. Мысалы, ажырасудың алдында ата-ененің немесе туыстардың араласып, жастарды татуластыруы; жұмыс ұжымында басшылар мен әріптестер арасындағы түсініспеушілікті келіссөз арқылы реттеуі – осы татуласу мәдениетінің бүгінгі жалғасы. Бұл әрекеттердің бәрі ұлттың өзара сыйластық пен кешірімділікке құрылған рухани негізін сақтауға бағытталған. Сондықтан да бүгінгі күні татуласу мәдениетін насихаттау, оны тәрбие құралына айналдыру – өте өзекті мәселе. Бұл үрдіс тек ұлттық салттың жалғасы ғана емес, қоғамдық тұрақтылық пен әлеуметтік үйлесімділіктің негізі болып қала бермек.

Қорыта айтқанда, татуласу дәстүрі – ұлттың ұлы мұрасы, бүгінгі қоғамға қажет, болашақ ұрпақ үшін де маңызды рухани-адамгершілік құндылық. Бұл дәстүрдің өміршеңдігі оның халықтың жүрегінен орын тапқанында, уақыт пен заман талабына сай бейімделе алуында жатыр. Ендеше, татуласу рәсімдерін ұрпақ санасына сіңіру, оны әлеуметтік қатынастарда қолдану – ұлттың тұтастығын, қоғамның тыныштығын сақтаудың бірден-бір жолы.

А.БЕКМҮРЗИНА,
Ақтөбе облысы
Шалқар аудандық сотының
бас маманы

ТАРАТУ

3. «Irbis DF» ЖШС (БСН 181240011951) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050039, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Майлин көшесі, 1-үй, тел. +7 727 392 7783.

4. «DutyPoint» ЖШС (БСН 250140027253) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Төлебаев көшесі, 95/1-үй, 38-пәтер, тел. +7 727 392 7783.

5. «Ескелді асыл тұқым» өндірістік кооперативі (БСН 190840003802) (ҚР, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Көкжазық ауылдық округі, Көкжазық ауылы, Н.Әбдіров көшесі, 1-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Дарабоз-ана көшесі, 24-үй, тел. +7 777 804 77 34.

6. «Кәусәр-Бек» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 240140030955) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Сәтпаев көшесі, 21-үй, тел. 8 705 744 58 83.

7. «BA-Group.kz» ЖШС (БСН 120440010987) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Гоголь көшесі, 55-үй, 13-пәтер.

8. «Чародейка-ПВ» ЖШС (БСН 140740006715) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Короленко көшесі, 25-үй, 30- пәтер.

10. «Жанартау» жастар шығармашылығы қоғамдық бірлестігі (БСН 080840006983) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 130000, Ақтау қаласы, 7-шағын ауданы, «Балбөбек» сауда орталығы, тел. 8 707 513 5539.

11. «Фуд вендинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 230940035379) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Жансүгіров 176а/2, тел. +7 747 624 7661.

12. «XTRA BEAT» ЖШС (БСН 210140015024) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 28В үй, 3-қабат, 310 бөлме, тел. +7 778 111 7865.

ЖАРНАМА

13. «CoachingLab» ЖШС (БСН 211040001767) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 28В үй, 3-қабат, 310 бөлме, тел. +7 778 111 7865.

ӨРТУРА

14. «Qomeq finance» Микроқаржы ұйымы» ЖШС, (БСН 231140028528) орналасқан жерінің өзгеруі (заңды мекенжайының өзгеруі) туралы мына мекенжайға хабарлайды: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, индекс 130000, 18А ықшам ауданы, 1-үй, № 1 тұрғын емес үй-жай, тел.: 8 702 332 3322.\

15. Шығыс Қазақстан облысы МАЭС 2025 жылғы 01 тамыздағы ұйғарымымен «КЭМОНТ»АҚ- на қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы еңбек ұйымының өтініші бойынша № 6309-25-00-2/1654 азаматтық іс қозғалды. Алдын ала сот отырысы 18.08.2025 жылдың сағат 15:00 белгіленген. Қарызгерлер талабы «КЭМОНТ» ақысына қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалған сәттен бастап бір ай ішінде ШҚО, Өскемен қаласы, Самар тас жолы, 7-үй мекенжайында қабылданады, электронды мекенжайы: bankrotstvo_i_reabilitacy@mail.ru, тел. 8 778 318 11 05.

16. Түркістан облысы Кентау аудандық сотына, Кентау қаласының азаматы Айтмаханова Гүлмира Амангельдиевнаның арызы бойынша, 15 сәуір 1956 жылы туған, Түлкібас ауданының тумасы Айтмаханов Аманкелді Ермахановичті хабарсыз кеткен деп тану немесе қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғалуына байланысты, ол туралы білетін барлық тұлғалардан осы ақпаратты хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде: мекенжайы Кентау қаласы, Логинов көшесі 24, тел. 8(72536) 3-54-52 бойынша Түркістан облысы Кентау аудандық сотына хабарлауын сұраймыз.

18. «Ақмола облысының білім басқармасы Бұрабай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысының білім басқармасы Бұрабай ауданы бойынша білім бөлімінің Қымызынай ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде мекенжайы бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Зеленобор ауылдық округі, Қымызынай ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 11/1 үй, тел. 8 (71636) 59204.

19. «Ақмола облысының білім басқармасы Бұрабай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысының білім басқармасы Бұрабай ауданы бойынша білім бөлімінің Қарабұлақ ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде мекенжайы бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Веденов ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесі, 4А үй, тел. 8 (71636) 52528.

9. *СОТТАН ТЫС САУДАНЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА*
АО *Industrial Bank of Korea* (Корея Республикасы) тапсырмасы бойынша сенім білдірілген тұлға — ТОО *LEX LAW&TAX* (БСН 200740010152) кепілдегі ТОО *ОЛИМПИК* (БСН 000740001082, Өскемен қ., Протозанов к-сі, 95) жарғылық капиталындағы 60% үлесті сататынын хабарлайды.

*Күні/уақыты:25.08.2025, 12:00
*Мекенжайы:Өскемен қ., Тохтаров к-сі, 51, *Bakhyt Tower* БО, 1-қабат
*Форматы:жабық сауда (қаптамада ұсыныстар)
*Кепілдік жарна:60 000 АҚШ долл. (Ұлттық банктің бағамы бойынша KZT), төлеу мерзімі – 15.08.2025 дейін
Тіркелу: 22.08.2025 дейін, эл. пошта: hrjho@ruvens-kz.com
*Бастапқы баға:600 000 АҚШ доллары
*Сатылатын нысан:ТОО *ОЛИМПИК*-тегі 60% үлес
*ТОО балансында:
– Красин к-сіндегі 0,38 га жер телімі (аяқталмаған құрылысымен)
– Протозанов к-сі, 95 мекенжайындағы «Боулинг» спорт орталығының ғимараты
Қарыз сомасы 04.08.2025 ж. жағдай бойынша: 5,1 млрд оңт. корейлық вон + өсімпұл
– басқа кредиторлар болуы мүмкін
Қатысушыларға мүлікті өз бетінше бағалау ұсынылады. Құжаттар тек тіркеуден кейін және жарна төленген соң ұсынылады.
*Байланыс:Лаура Грыглевич
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 13, «Нұрлы Тау» БО, 2В блогы, 804-кеңсе
Тел.: +7 776 659 95 97
E-mail: gryglewiczlaura@gmail.com
*Төлем деректері:
ТОО *LEX LAW&TAX*
БСН 200740010152
ИИК: KZ208562203108949918 (KZT)
АО «Банк Центр Кредит»
БИК: KCSJBKZXX

МҰРАГЕРЛІК

2. 30 наурыз 2025 ж. қайтыс болған Болысканова Кулан Сагидолдаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.С.Жаулыбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Таугүл-3 шағын ауданы, Бутин көшесі, 19/11 үй, тел. 8 701 355 25 22.

17. Ақтөбе облысының Судьялар одағы және судьялары Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Нұрлан Амантұрлыұлы Бақтығаливке және оның отбасына **әкесі Бақтығалиұлы Амантұрлының** мезгілсіз өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 Чехов-Гоголь көш. қиылысы, Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отар» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы № 59 санында)

Шереметьев әуежайында «Мәскеу – Бағдад» бағытындағы ұшақты ұшырмай қойды. Теміров тіркелуге бір жарым сағат ерте келіп, уақытылы ТУ–154 ұшағына жеткізілді, ал содан кейін адам түсініп болмайтын жайлар басталды.

Ұшқыштар моторларды қыздырып, қайта сөндірді. Негізінен адам толы салон іші қатты қапырық. Балалар жылап, әйелдер ашуланып

– Осы да ежелгі Бағдад па? – көліктен шыға жан-жағына көз жүгірткен Дастан танда-на сұрады. Айналасы заманауи көп қабатты үйлер қоршаған, ал тура алдында ағылшын тілінде «Отель Диана» – деген маңдайша жазуы бар қосқабатты көркем ғимарат тұр. Уақыт тым кеш болуына байланысты төменгі қабатта тек кезекшілер ғана қалыпты, олармен Ахмад бұйыра сөйлесті. Екінші қабатқа көтеріліп, қоныс бөлмеге кірді. Шаруаға ұқсас жас жігіт орнынан атып тұрды.

– Дастан Темірұлы, танысып қойыңыз, сіздің оққағарыңыз Мұбарак, сізді күні-түні қорғайтын болады. Соғыс жүріп, диверсиялар болып жатқанда, бәрі де болуы ғажап емес, ал Мұбарак майдан жауынгері, жаралы болған.

сияқтымыз. Кім еді ол сонша, оның алдында біз бүгілетіндей? Мына Ахмад дәрігер де өзін мен оның кедей туысындай, болмаса мені жұмысқа жалдап алғандай ұстайды. Қараңыз мынаған, «беделді адамға апарамын» дейді ғой міндетсіп. Пысқырғаным бар оның адамы-на. Дәлірек айтуға болмай ма? Бізде «Үлкен адам» – деген ұғым жоқ. Біз бәріміз теңбіз» – деген Дастан іштей ызаланып келеді.

Жүріс бағытына қарап Теміров мұны әдейі жаңа құрылыстарды аралата алып келе жатқанын түсінді. Бағдадты ол Балашихида жүргенде карта мен слайдтардан көрген. Шынында да, ғажайып жай, бір жыл бойы соғысып жатқан елдің астанасы біртұтас құрылыс алаңына ұқсайды. Әсіресе Кеңес жобалары бойынша са-

ше қалыпқа келтіре тірескенде, мектептің ең күшті деген палуандары қолын ауырта алмайтын. «Бас қолбасшы» да қолын біраз қысып тұрған соң, өкпелегендей бұрылып орнына оралды.

Дастан Теміровке бірдеңе дұрыс еместей көрінді. «Өзін аса құрметтеуші диктатор болар-болмас сәтсіздікке осынша қорлануы мүмкін емес. Назар сала қарағанда, бет-жүзі де Хусейндікіне келіңкіремейді, жәй жалпы ұқсастық қана. Яғни, сәтсіз көшірме, ұқсас тұлға. Мәскеуде Саддам түстес тұлғаларды көптеп ұстап, өзі бункерде отырып, оларды басқа-ұрады деп ескертіп еді ғой. Қайтеміз, қойылымның бұдан әрі қалай дамитынын көрелік. Артистер белгілі».

ДИКТАТОРДЫҢ СӘТСІЗ «ІНДЕТІ»

жатыр. Жолсерік қыздар жүргіншілер қатарын аралай жүгіріп су немесе шырын ұсынуда. Міне, басқыш алдында сәнді «Мерседестер» келіп тоқтап, ішінен көңілді, мұртты жігіттер тобы шығып, бір-бірімен мұсылманша үш қайтара құшақ жая, у-шу болып қоштасып жатыр. Сосын салонға бес-алты адам көтеріліп, толып жатқан дорба, чемодандар кіргізді, өздерін мүлде жүгенсіз ұстады.

«Арсыздар, диктатордың малайлары! – Теміровтің ішін ыза көрнеп отыр. – Бұған не істерсің?» Кешікпей бәрі қалыпқа келіп, тыныштанды. Дастан тіпті ұйықтап үлгерді.

– Біздің ұшақ Бағдад әуежайына қона бастады. Белдікшені салуларыңызды өтінеміз, – орысша, арабша, ағылшынша хабарландыру берілді.

Дастан соғыс кезіндегі жайға сай көзге түртсең көрінгісіз қараңғылық көрем ғой деген болжаммен ұшақ әйнегіне қарап қалғанда, қала мен әуежайды мерекеше безендіріп тұрған оттар тізбегін, электр жарығына бөленген жолдарды көріп таң-тамаша болды.

– Жолдас Теміров? – ұшақ басқышты қоршаған, түгелімен хаки түсті әскери киім киген ер адамдар арасынан, сәнді кереге көз костюм киген, орта бойлы, толықша келген, шашы түсіп қасқая бастаған қара мұртты кісі бұған қарай бет алды.

– Мен.
– Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіз, доктор Ахмад, – бейтаныс кісі таза орыс тілінде сөйлеп, амандасуға қолын ұсынды.

– Мен сізді қарсы алуға келдім, бұдан былай ылғи бірге боламыз. Ал қазір жүгіңізді алып, тура қонақжайға орналасуға барамыз.

Жүгін күтіп тұрып Теміров байқатпай серігіне сынай қарап қалды. Өзінен бес сантиметрдей аласа, бірақ әлдеқайда тығыз, жүрісіне, өзін ұстау мәнеріне қарағанда, арнайы қызмет офицері екені көрініп тұр. Айтқандайын бұларда да, біздікілер құрып берген қауіпсіздік комитеті бар.

Теміровтің көзқарасын байқап қалған доктор Ахмад тым өзімсінген түрмен жымия күлді. Ахмад-дәрігер Дастанның қолынан чемоданын күшпен жұлып алып, алға түсіп келеді. Оның автокөлігі «Рено» маркалы болып шықты.

«Бишара» арабтар жаман тұрмайтын көрінеді – өмірінде бірінші рет мынадай қымбат көлікке мініп жатқан чекист қызғана ойланып қалды. Біздің «Жигулилер» мен «Москвичтерге» көзі үйреніп қалған кеңес адамдары үшін, көрінген шетел көліктері сәулетті де, қолжетпес болып көрінеді.

Жүргізуші көлігін орнынан қозғай бере, әуежайдан бастап, бүкіл жол бойы сүйікті көсемдері Саддам Хусейнді ер түрде бейнеленген билбордтарды жағалай ызғытып келеді.

– Халық көсемін сүйеді, – Дастанның көңіл күйін аңғарған серігі бас-аяғы жоқ мақұлдай сөйледі. Әйтсе де оның үнінде жасырын мысқыл бары сезілді.

«Бұл нені білдіреді. Ол мені пікірлес етпек пе? Әй, бәрің құрып қалыңдар, менің өз мақсатым бар, басқасына мән бермеймін», – Теміров ызаға булығып, мені арандату қажет емес дегендей теріс бұрылып терезеге қарап отыр.

Доктор Ахмад үнсіз қалды. Оның ерекше әдемі қой көздері кірпік қақпай жолға қараумен болды. Жалпы, тұтас алғанда, ол аса тар-тымды, сүйкімді адам көрінеді.

– Ал сіз мамандығыңыз бойынша кім боласыз? Қайда жұмыс істейсіз? – Теміров үнсіздіктен еш пайда жоқ деп шешіп, сөз қозғады.

– Мен Мәскеуде Патрис Лумумба атындағы университеттің медицина факультетін бітіріп, терапевт дипломын алдым. Қазір сіз жалғыз эпидемиолог болып істемек тропикалық аурулар зертханасы директорының орынбасарымын.

– Түсінікті...
– Не «түсінікті»? – Ахмадтың даусынан сезіктену байқалды.

– Сіздің таза орысшаңыздың себебі түсінікті. Әңгімемен отырып барар жерлеріне қалай келіп қалғандарын байқамай да қалыпты.



Орналасып, демалыңыз. Мұбарак ас қамдайды, аздап орысша сөйлейтіні бар.

– Қам жемей-ақ қою керек еді.
– Демалыңыз. Кеңсеге ертең барамыз.
– Қандай?
– Кешіріңіз, қазір айта алмаймын. Ертең білесіз. Қайырлы түн.

Мұбарактың сол жақ аяғына ақсайтыны көрініп тұр.

– Аяғыңа не болды? – деген сұраққа үнсіз балағын көтерді.

«Жарықшақ жарасы – санитарлық дәрігер осындай диагноз қойды.– И-ә-ә, мына майдангерді маған бұлар неге бекітті екен? Қандай машығы бар? Кәне, қарап көрелік».

Дастан байқатпай серігін бас-аяғына дейін зерттеп тұрып, теледидарда тек Саддам Хусейнді көрсетіп, арасында майдан хабарлары ғана беріліп жатқанын көрді.

Сол екі арада Мұбарак іске қызу кірісіп, отқа шөйнек қойып, тоназытқыштан тағамдар шығарып, үстелге қойып, қол шайып асқа отыруын сұрады. Мұбарактың өзі, жеген тамағының құнын есептеп отырғандай, асты аз ішті. Жатып алып екеуі әңгіме шертіскенде, Мұбарактың орыс тілін шын мәнінде көрсеткеннен артық білмейтіні анықталды. Тыңшының сенімсіздігін туғызбас үшін Теміров одан ата-анасы, жанұясы жайлы көбірек сұрастырып, сосын жолдан шаршағанын сылтау етіп, ұйқыға кетуді ұсынды. Бастысы, Мұбаракпен түсіністік орнаған тәрізді, оның кім екенін уақыт көрсетеді. Қазірге белгілісі Ирак ҰҚК-ның жансыз еместігі көрініп тұр.

Таңертең бір-біріне әбден үйреніскен Теміров пен Мұбарак немірде шәй ішіп отырғанда доктор Ахмад кірді.

– О-о достасып үлгерген екенсіздер ғой. Кеттік, таңғы ас ішуге баралық.

– Біз тойып алдық! – дегеніне қарамай, Ахмад бұларды бірінші қабаттағы мейрамхананың арнайы бөліміне алып барды.

Үстел үсті неше түрлі тағамға, ішімдікке толы. Теміров Хемингуэйдың шығармаларын оқығанда есінде қалған, дәмін татып көрсем деп армандаған американ вискине еріксіз назар аударды. «Соғыс жүріп, балалар аштықтан ісіп-кеуіп жатқанда мыналары тым артық екен» – деді сосын іштей жактырмай.

Ас ішіп болып, көлікке отырғасын Ахмад салтанатты үнмен: «Ал қазір біз аса беделді адамның кеңсесіне барамыз!» – деді салмақ сала үн қатып.

«Осының бәрі немене өзі? Қайда бара жатырмыз? Жалпы мені мұнда неменеге жіберді? Туған «Кеңсем» тап осылай миға сыйғысыз іс жүргізеді деп кім ойлаған? Эпидемиолог дәрігерге қандай қызмет тапсыру керектігін неліктен алдын ала анықтамағыз? Істің барысына қарасак, біз Хусейннің бабын табуға тиісті

лынған жөпте ересінеп жатқан балабақшаларының көптігі салысты көзге түседі. Өне, қалаға бет алып, әскери техникалар легі кетіп барады. Соғыс қимылдары кезінде қатардан шыққан, қираған қару-жарақ пен танктерді айдап бара жатқанға ұқсайды. Олар да біздікі. «Сайтан алсын! Біз, немене, осыларға жұмыс істеп жүрміз ба сонда?» – чекист іштей күйініп отыр.

Біраздан соң тар, бірақ жақсылап бетондалған, жан-жағында пальма ағаштары өсіп тұрған жолға бұрылды. Одан әрі нағыз пальма тоғайы басталды, ал оның ортасында биіктігі үш метрлік, үстінен тікенек сым тартылған бір құрылыс көрінді. Айналасы тып-тыныш, тірі жан жоқ. Көлік темір қақпа алдына тоқтады.

– Аздап күте тұруға тура келеді, – Ахмад-дәрігер өкінішті үнмен ескертіп, көліктің есігін ашты. Содан соң қақпа алдына барып, қоңырау соқты да, ашылған қақпадан өтіп жоқ болды. Есіктің ашықтығына қарамай, автокөлік іші азаптау камерасына айналды. Сыртқа шықсаң, шыжып тұрған күн тіпті сорақы. Дастан мен Мұбарак креслода шалқая жатып, әр қайсысы ойға шомған.

«Ал егер мені мұнда қамап тастаса ше, мен тіпті резидентке де жете алмаймын. Бұл туралы ешқандай нұсқау болған жоқ. Әй орталықтағы жолдастар, мұндай жұмыс үшін сендерге екілік қоюға болады, осындай шала дайындалған істі орындауға, тіпті тәжірибелі барлаушыны да жіберуге болмайды ғой».

Сол арада қақпадан нұрдай жайнаған Ахмад шықты да, көлігіне отырып, артында Ка-лашников автоматын асынған төрт жауынгер тұрған қақпадан өтіп, аулаға кіріп тоқтады. Екеуі қалып, екеуі келгендерді аласа келген бір қабатты үйдің кіре берісіне жеткізіп салды. Мұнда бұларды мәймөңкелеген, елгезек офицер қарсы алды.

Теміров жұмсақ былғары креслоға жайғасып алып, жан-жағына сынай қарады. Қалыптан асқан ештеңе жоқ. Төбе тым аласа, қабырғалары өміріне разы Саддамның бейнелерімен безендірілген. Үстел үстіндегі қоңырау шылдыр еткенде, офицер ара шағып алғандай ұшып тұрып, кабинетке өтулерін ұсынды.

Доктор Ахмад Теміровті өткізу үшін есікті ашты. Кең кабинет төрінде отырған адамға қарағанда, сілейе қатып, есінен адасуға аз-ақ қалды. Қара ағаштан жасалған үстел артында Саддам Хусейннің өзі отырғанын көрді. Қателесуі мүмкін емес: қызыл погон тағылған сол форма, қою шаш пен мұрт, текті ірі мұрын, қалың қас, мысқылды көзқарас – бәрі соныкі.

Кабинет иесі келушілердің жақындағанын күтіп отырып, содан кейін зор денесін көтере, үстел артынан шығып келіп Теміровке қолын созды. Қолын қайшылай қысқан Хусейн бұған сынай көз тастады. Дастан бала шағынан, жас кезінен қолдарының нәзіктігіне қысылатын, бірақ туа біткен ақсүйектік кемшіліктің де өз артықшылығы болды: ол саусақтарын ерек-

Доктор Ахмад креслоға шалқая жатқан «көсемнің» жанына келіп, асқан құрметпен бүгіліп қолын сүйді. Қуыршақ көсем патшаның мәнерімен отыруға ишарат білдірді. Ахмад анда-санда иегімен Теміров жаққа меңзеп қойып, ұзақ сөйлеп, «иесіне» мұны таныстырып жатқан секілді. Сосын «ел иесі» сөйледі де, Ахмад әр сөйлемін оған қарап басын шұлғып қойып аударуға кірісті. Шығыстың дәстүрі бойынша, әуелі Ирак жанына келгеніне қошемет жасау сөздері айтылды, сосын жер өркеніетінің бесігі болған ел қонаққа ұнап, оның екінші отанына айналуына тілектестік білдірді. Әрине, Теміровтің жеке өз басының ақылдылығына, жоғары мамандығына, адамшылық қасиеттерінің молдығына арналған мақтау сөздері де аз болған жоқ. Ал сосын әңгіменің негізгі бөлігі басталды және майордың түсінуінше оны жалдауға бағытталған болды.

– Иранмен арадағы соғыста әділдік біздің жағымызда және біз, әрине, біздің халық, БААС партиясының басшылығымен жеңіп шығамыз. Бірақ елдің одан әрі дамуына қажет қымбатты уақыт босқа кетіп жатыр. Сіз барлық жерде салынып жатқан балабақшаларды, мектептер мен университеттерді көрген боларсыз, көрмесеңіз әлі көресіз.

Теміров келісіп басын изеді.

– Сыртқы жаулардан басқа бізге қарсы тұрған екі ішкі күш бар: шииттер мен курдтар, олардың көпшілігі дұшпанның диверсиялық-барлау топтарын құруға таптырмайтын негіз. – Кеңес «маманына» сынай қарап қойып «диктатор» сөзін әрі жалғастырды. – Тұрғындардың осы бөлігін бейтараптандырып, жауды бір соққымен тізе бүктірудің мүмкіндігі бар. Бұл ретте сіз бізге қомақты көмек көрсете аласыз, ол туралы доктор Ахмад сізге толығырақ айтып береді. Қазіргі таңда, өкінішке қарай, бізде сіздің ғылымыңыз бойынша талантты маман жоқ. Біздің үмітіміз ақталса, сіз сыйақысыз қалмайсыз. Мен қазір сыйдың дәл мөлшерін айтып жатпаймын, бірақ ол сізге ғана емес, балаларыңыздың алаңсыз күн кешуіне жететініне уәде беремін. Мұны сізге ұлы Ирак мемлекетінің бірінші басшысы айтып отыр.

«Көсем» ойланып кеткен түр жасап, алдын ала дайындалған мәтінге көзін тағы бір жүгіртіп, Дастанға тесірейі қарап сөзін жалғады: – Біздің ұлы елімізге шын көңілмен көмек көрсеткіңіз келетініне сенеміз. Ал қазір жүре беріңіз, бұдан арғы әрекеттеріңізді доктор Ахмад түсіндіріп береді. Егер маған әлде бір сұрағыңыз, өтінішіңіз болса, осы Ахмадқа айтыңыз, ол маған жеткізеді. Сұрақ бар ма?

– Сонда не істеуім қажет екенін анығырақ айтуға болмас па екен? Мен түсінбей отырмын, – Теміров әңгіме библиотериологиялық қару-жарақ пайдалану диверсия жасау туралы екенін бірден түсінсе де, сұрағын шынайы жеткізуге тырысты.

– Доктор Ахмад біздің стратегиялық және тактикалық жоспарымызбен таныстырады деп айттым ғой. Сіз үшін ешбір жап жоқ. Айтпақшы, осы мүлдем залалсыз және табиғи нұсқаны бізге ұсынған, біздің кеңестік досымыз, сіздің әріптесіңіз еді. Өкінішке қарай, ол төбелесте қаза тапты.

– Әйтсе де, мен халықаралық пактілер мен конвенцияларды бұзуға бағытталған ешқандай қимыл-әрекет жасамайтынымды ескерткім келеді.

– Қымбатты дәрігер! Сізге адамзатқа қарсы заңсыздық жаса деп тұрғамыз жоқ. Бірақ менің де ескерткім келеді, сіз біздің елдесіз, мұнда, басқа жерлердегідей бұлжымас ереже бар: кім бізбен бір болмаса, сол бізге қарсы. Тағы бір рет қайталаймын, ақылды болыңыз. – «Көсем» даусынан қоқан-лоққы көрсетушілік байқалды.

«Саддам Хусейн» креслодан ақырын көтеріліп, маңғаздана қоштасуға қолын созды, бірақ бұл жолы бұрынғыдай қыспады.

**Жалғасы келесі санда.
Темірболат АХМЕТОВ**